



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

Қазіргі заман: пікірлер әлемі философия Альманахы
«Философия ғылымдары» сериясы
Философский Альманах современность: мир мнений
Серия «Философские науки»
A series of «Philosophical»
Philosophical Almanac modernity: global sentiment

№ 3-4 (75-76), 2019

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**Қазіргі заман: пікірлер әлемі философия Альманахы
«Философия ғылымдары» сериясы
Философский Альманах современность: мир мнений
Серия «Философские науки»
A series of «Philosophical»
Philosophical Almanac modernity: global sentiment**

№ 3-4 (75-76), 2019

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА:

Симтиков Ж.Қ. – с.ғ.д., профессор (бас редактор);
Құсайынов Д.Ө. – филос.ғ.д., профессор (бас редактордың орынбасары);
Абеуова Ш.Қ. – филос.ғ.к., доцент (жауапты редактор)

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ:

Сәбит Мұрат – филос.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері
Құлсариева А.Т. – филос.ғ.д., профессор,
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті (Абай атындағы ҚазҰПУ);
Әбдіғазизұлы Б. – филол.ғ.д., профессор,
Халықаралық педагогикалық білім беру академиясының академигі
(Абай ат. ҚазҰПУ)
Ғарифолла Есім. – филос.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі (Астана);
Иманабердиев Б.Ж. – э.ғ.д., профессор (Абай ат. ҚазҰПУ)
Құрманғалиева Ғ.Қ. – филос.ғ.д., профессор «Әл-Фараби» жур. бас ред.,
ҚР ҰҒА ФСЖД институты);
Қайырбекова А.Ғ. – филос.ғ.д., доцент (Құрманғазы атындағы ҚҰК);
Сейтахметова Н.Л. – филос.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті
(ҚР ҰҒА ФСЖД институты);
Халықов Қ.З. – филос.ғ.д., доцент (Т.Жүргенов атындағы ҰӘА);
Рау И.А. – филос.ғ.д., профессор (Берлин, Германия);
Лобастов Г.В. – ф.ғ.д., профессор (Мәскеу, Ресей);
Тоғусақов О.А. – филос.ғ.д., профессор,
Қырғ. ҰҒА корреспондент-мүшесі (Бішкек, Қырғызстан);
Томски Г. – профессор, Халықаралық «Конкорд» академиясының Президенті
(Франция)

ҚОҒАМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ САЯСАТ ОБЩЕСТВО, КУЛЬТУРА И ПОЛИТИКА SOCIETY, CULTURE AND POLITICS

УДК 104.3:793

*Ұлан Қадырбекұлы, профессор, ХАА академигі.
Мейрамгуль Сейдахметова, аға оқытушы
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті*
**Әл-Фарабидің діни дүниетанымдық және этикалық
ілімдерінің өміршеңдігі**

Аннотация

В данной статье рассматривается значимость религиозно-мировоззренческих и этических взглядов великого мыслителя и философа Аль-Фараби.

Annotation

This article discusses the significance of religious-worldview and ethical views of the great thinker and philosopher Al-Farabi.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке ұмтылуының негізгі стратегиялық бағдарламалары: алдыңғы қатарлы дамыған дүниежүзілік өркениеттілік беталыс қатарына ену, жалпыадамзаттық жаһандану қауымдастығына еркін кіру, ғаламдық саяси аренада құқықтық-демократиялық озық үлгідегі мемлекет ретінде танылу, жалпы адамзаттық қауымдастық аясында бәсекеге қабілетті ел болуға ұмтылу, т.б. ұстанымдарға сәйкес, отанымыздың экономикалық, саяси, мәдени және рухани даму салаларын бүгінгі күнге сәйкес қолдану және келешектегі даму бағдарын этникалық болмыс сабақтастығымен құруды қажет етеді. Ендеше ұлт руханиятын одан әрі өрістету-келер ұрпақтың ұлт болмысынан айнымауының теориялық негіздерін ұсыну, өткен тарихымыздағы даналар мен ақыл-ой иелерінің дүниетанымдық білімдерін, көзқарастарын жастарға түсіндіріп беру, қазақ руханиятының ешкімге ұқсамайтын өзіндік төлтума пікірлерін тереңірек игеруге мүмкіндіктер ашу.

Әр тарихи кезең ұлы тұлғаларды тудырғаны даусыз. Ұлылардан ұлағат демекші, халқымыздың рухани дамуына сол жеке тұлғалардың қосқан үлесі де ұшан теңіз. Олар дүниетаным, жаратылыс, адамгершілік, имандылық пен парасаттылық жайлы тамаша озық ойлар қалдырған.

«Қазақтың арғы атасы-батыр түрік, арабтан деген сөздің түбі шірік», -деп Шәкәрім қажы айтқандай, сонау арғы бабаларымыз түркілер екені ақиқат. Олар өз алдына мемлекет құрып, оны бірте-бірте күшейтіп «Түрік қағанаты» деп атап, білімді, ғылымды, өнерді дамытып, бүкіл әлемдік руханиятқа ықпал етті.

Сол кезеңнің ұлы тұлғаларының бірі Әл-Фараби. Араб-мұсылмандық шығыс философиясының өкілі болғанымен, түркі жерінде, Отырар қаласында дүниеге келіп, балалық шағын осы шаһарда өткізген оның толық есімі-Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки(870-950 ж.ж) болатын. Әлемге әйгілі философ, жан-жақты энциклопедист ғалым: дәрігер, физик, психолог, математик, астроном, музыкант, ақын, т.б. болғандықтан, метафизикалық және онтологиялық мәселелерді таразылауда да өзіндік төлтума идеяларын ұсынған. Сонымен қатар әл-Фараби ілімінің бір қыры да көне Грекиялық Аристотель мен Платон еңбектеріне түсіндірмелі (герменевтикалық) талдаулар жасаудан басталады және кейінгі батыс еуропаға оның еңбектерін таныстырушылардың бірі ретінде де танымалдығымен ерекшеленеді. Ол әлемдік рухани кеңістікте Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған. Әл-Фараби 200-ден астам еңбек жазғанымен, оның

бізге келіп жеткені 70-тейі ғана: «Философиялық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Логикалық трактаттар», «Музыканың ұлы кітабы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» және т.б.

Бүгінгі таңда Әл-Фарабидің мұрасы жүйелі зерттеліп, ана тілімізде жарық көруде Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық, математикалық, ғылыми жаратылыстану, музыка саласындағы еңбектерін қазақстандық фарабитанушы ғалымдар зерттеуде. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы мұсылмандық философия ғана емес, Еуропадағы ортағасырлық және кейінгі философиялық ой-сананың өрлеуіне зор ықпал етті. Ислам өркениеті аясында араб, парсы, түркі жұртының өкілдері жемісті еңбек етіп, мұсылмандық философия мен мәдениеттің озық туындыларын дүниеге әкелді. Әл-Фарабидің мұрасы-Ислам өркениеті мен түркі дүниесіне ортақ рухани мұра.

Әл-Фарабидің туған жері-Отырар өркениеті ежелгі сақ-үйсін дәуірінен басталып, әлеуметтік және мәдени дамудың ерекше аймағы болған. Отырар қаласы және оның аймақтары қалалық және көшпелі өркениеттердің өзара тоғысқан жері болды. Себебі, Ислам діні қалалық мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Мәдениет сөзінің түп-төркіні қалалық деген мағынаны береді. Отырарлық ғұлама-ұстаз Мешһед, Исфахан, Бағдат, Шам, Каир сынды сол уақытта Ислам ғылымы мен мәдениетінің орталықтары болып саналған қалаларда болып білімін жетілдірді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде дін мен оның құндылықтары өзіндік орын алады. Әл-Фараби дүниетанымдында дін ойлаудың нақты әдісі және қоғамдық өмірдің ажырамас бөлшегі, сонымен қатар адамдардың ахлақтық, құқықтық қарым-қатынастардан реттеуші жүйе ретінде қарастырылады.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, «дін-бәрі үшін алғашқы басшы, алдын-ала айқындалған көзқарас және іс-қимыл». Оның пікірінше дін адамзат үшін басшылыққа алатын дүние көзқарас және іс-әрекет жүйесі. Фараби діни қуат көзі бар екендігін және дін бақыт пен игілікке жетудің бір құралы болатындығын атап көрсетеді. Әл-Фараби діннің негізінде ізгі мазмұн мен ибалы мән айшықталғандағы және дін мен бақыттың үйлесімділігі, бұл ізгі дін болатындығын болжайды.

Дін адамзат үшін ізгілік пен игіліктің, түсіністіктің жолын іздеуі тиіс. Дін мен адамзат қоғамын ажырамас бірлікте қарастырған ойшыл, ізгі іс пен философияның мазмұны үйлесімді үндестікте болатындығын айтады. Дін мен философияның айырмашылығы олардың пайда болуының уақыттық негізінде жатыр. Бұл мәселе ойшылдың шығармашылығында негізделеді. Әл-Фараби діннің негізінен ізгілік, қайырымдылық, жомарттық, игілік көздерін іздеп, дін адамзаттың бақыты мен игілігінің негізі екендігін атап көрсетеді. Диалектика мен уағыз діни көзқарастар мен көркем мінезділікті жетілдіру үшін зор игілік болып табылады. Ізгі дін-адамзат қоғамының рухани кемелденуінің көзі. Ойшылдың дүниетанымдық ізденісінде Исламның гуманисттік құндылықтары айшықталған. Әл-Фараби дүниені танып-білуде ақылды негізге алған. Ақыл дінге қайшы келмейді. Ғылымға ақыл арқылы қол жеткізуге болады деп, оны екіге бөліп қарастырған: теориялық және практикалық ғылым. Логика, метафизика және табиғаттануды теориялық ғылымға, ал этика мен саясатты практикалық ғылым саласына жатқызады. Фараби танымында Құдай-қайшылықсыз, таза ізгілік, дара, данышпан, құдыретті, көркем шебер, керемет иесі, ұлы, шапағат және махаббат иесі, барлық нәрсенің бастауы ретінде сипатталған. «Арау әхлил мәдинәтил фадилә», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектерінде этика мәселелерін көтерген. Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» 948 жылы Мысырда жазылып аяқталды. Бұл еңбекте Фараби Платонның ойлары әсерінен қоғамның дұрыс құрылымы, дұрыс заңдар мен тұрғындардың дұрыс көзқарастарымен байланыстыра отырып, қайырымды саяси аспектіде зерттейді. Мұндай мінсіз қоғам, «қайырымды қала» болып табылады. Данышпан ізгілікті қоғамды қалай билеу керек, оның бөлшектері туралы, әділ билеудің әдістері мен билеушінің қабілеті, белгісі, негізгі шарттары жайлы пайымдайды. Әл-Фарабиге сәйкес, қайырымды қалашынайы бақытқа жету үшін адамдар бір-бірімен ынтымақтасып, бірге өмір сүретін қала. Қайырымды, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды.

Жалпы Әл-Фарабидің дінге, қоғамға қатысты көзқарастары мен дүниетанымдық ұстанымдарын өркениеттік тұрғыдан зерттеу ойшыл ұстаздың рухани ой әлемін түсінуге жетелейді. Ғұлама ойшылдың философиялық ой-толғамдары мен жалпыадамзаттың бақытты өмір сүруіне қатысты айтқан тұжырымды ойлары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан үшін өте өзекті.

Елбасы-Тұңғыш Президент Н.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» еңбегінде тарихи сананы қалыптастыруда ұлы тұлғалардың еңбектерін терең зерттеп, оны насихаттаудың маңыздылығын басып айтқан еді. 2020 жылы Әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Қазақстан

Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақтан халқына Жолдауларында «Ендігі жылы Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтеміз... Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін» деген еді. Өте орынды айтылған ой. Фараби ілімі жас ұрпақ, тіпті барша халқымыз үшін өшпес мұра. Әл-Фараби тек түркі халқы, оның ішінде қазақ жұрты ғана емес, бүкіл дүниежүзінің мақтанышы, барша адамзатқа ортақ тірі тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар. - Алматы: «Арыс», 2009
2. Бейсенов Б.Қ. Қазақ ойшылдары дін туралы. Оқу құралы. – Алматы. 2012.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Алматы 2017
4. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқына жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» "Алматы ақшамы" №106. 5 қыркүйек 2019ж

УДК 101.3:793.3

Абуов Амрекул Ергешұлы

Философия ғылымдарының докторы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетекшісі

+7 707 970 64 62, + 7 771 891 7310

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТІРЕГІ

Қоғамдық ғылымдарда мәдениет ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Соның барынша толығырақ және ғылыми қуымдастық қолдайтын формасы былайша айтылады: «Мәдениет дегеніміз – адамдар жасаған материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы». Натура, яғни, табиғатқа жатпайтындардың барлығы мәдениет болып табылғандықтан, оны кейде «екінші табиғат» деп те атайды. Мәдениеттің негізгі екі түрі бар: материалдық және рухани. Ал аймақ бойынша: ұлттық және жалпыадамзаттық деп бөлінеді.

Ұлттық мәдениет белгілі бір этносқа тән болғанмен, сол мемлекетті мекендейтін басқа халықтар сол елдің мемлекетінің тұтас мәдениетін құрайды. Осыған орай, елімізде жергілікті ұлт қазақ халқы мәдениетін негізге алған қазақстандық мәдениеттің өзіндік бір үлгісі қалыптасты.

КСРО ыдырағаннан кейін, еліміз тәуелсіздік алып, мәдени дамудың екі бағытын ерікті түрде қолға алды. Біріншісі, ұлттық мәдениетті дамыту, екіншісі, жаһандану заманына сәйкес, дүниежүзілік мәдени сұхбаттастық кеңістігіне ену.

Ендеше, отандық заманауи мәдениеттің мынадай өзіндік ерекшеліктерін атап өтуімізге болады.

Біріншіден, заманауи қазақстандық мәдениет уақыт бойынша екі тұрғыны қамтиды: тарихилық пен логикалықтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, өткен мен бүгінгінің бірлігі.

Тарихилық пен дәстүршілдік арнасы халқымыздың бүкіл тарихының өн бойына сіңірілген рухани саланы, атап айтқанда, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымызды, тіліміз бен дінімізді, ұлттық мораль мен саясатты, ағартушылық пен білімді т.б. Ал материалдық сала бойынша тарихи ескерткіштер, өнер жәдігерлерінің заттық бейнелерін қамтиды.

Жаңашылдық пен заманауилық құрылымында қазіргі кезеңдегі адамзат игіліктерінің жетістіктері, өркениет белгілері, жаһанданудың мәдени элементтері қамтамасыз етіледі.

Екеуінің үйлесімділігі мен кіріктірілген белгілері де қазіргі заманғы отандық мәдениеттен айшықты көрініс тауып келеді: үш тұғырлы тіл, тарихи мәдениет үлгілерін модернизациялау мен модификациялау, заманға лайықтау, өткен мен бүгіннің синтезделген өнер түрлері т.б.

Мәселен, музыкадағы фольклор, электронды домбыра – дәстүрлі музыкалық туындыларды модернизациялау т.б. Сәулет өнерінде – Астанадағы бәйтерек және барлық тарихи ескерткіштер, Елтаңба мен туымыздағы тарихи рәміздер т.б.

Екіншіден, отандық мәдениет әлемдік жаһандану заманындағы постмодернизм бағытындағы ұстанымдармен де орайласып отыр. Бүкіл ғылым, ақпараттар, өнер, әдебиет салаларының кейбір туындылары модернистік-постмодернистік сипат алып келеді. Мәселен, бейнелеу өнері

туындыларындағы абстракционизм, кубизм, инсталляция, сюрреализм т.б. атап айтуға болады.

Үшіншіден, отандық мәдениет әлемдік мәдениеттің дамуымен орайласып, жалпыадамзаттық мәдени өлшемдер аясында өркендеп келеді. Ғылым дамуы мен интеллектуалдық, мораль мен этика, классикалық өнер формалары т.б. бүкіл әлемдік мәдениет аясында даму үстінде.

Төртіншіден, заманауи отандық мәдениеттің тағы бір ерекшелігі мемлекеттік қолдау арқылы өрістеу үстінде. Жарияланған мәдениет жылы, кинофильмдер мен мультфильмдерге, ғылым мен білім жобаларына бөлініп жатқан қаражаттар, көне тарихи жәдігерлер мен ескеркіштерді қайтадан реставрациялау т.б. осының айғағы.

Бесіншіден, аймақтық жаһандану бойынша, «түбі бір түркі елі» деген ұстаныммен тұтас түркі халықтарының мәдени сұхбаттастығы қолға алынған: әр түрлі фестивальдар, кокурстар т.б. өткізіліп келеді.

Алтыншыдан, КСРО дәуіріндегі атеизм салдарынан тиым салынған және қудалауға ұшыраған ислам діні бүгінгі таңда қанатын кеңге жайып, қолданылуы аясын кеңейтіп келеді, бірнеше мешіттер мен діни орындар бой көтерді.

Еліміздегі рухани жаңғыруды іске асырудың өзі таза руханиятқа ерекше көңіл бөлуді басшылыққа алады. Бұны Елбасы Н. Назарбаевтың өзі мақаласында былайша атап өткен болатын: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды».

Ғылым мен білімге, мәдениет пен өнерге баса назар аударып, одан әрі дамытуды мақсат еткен бұл стратегия тек экономика ғана емес, қоғамдық өмірдің рухани саласының да кешеуілдеп қалмауын негізге алады. Сондықтан, сәйкесінше, рухани мәдениет те рухани жаңғыру ұстанымдарына сүйене отырып, әрі қарай өркендеуге бет бұрып келеді. Рухани жаңғыру аясындағы мәдени туындылар да жаңаша серпін алуы тиіс. Атап айтқанда, біріншіден, үш тұғырлы тіл, оның ішінде қазақ тілін басымдылыққа ала отырып даму бағдары.

Қазақша мультфильмдер мен фильмдердің түсірілуі, ғылыми әдебиеттердің қазақ тіліне аударылуы, отандық авторлардың туындыларының шет тілдеріне аударылуы, ағылшын тілінің ерте мектеп жастағы балаларға да оқытылуы т.б.

Екіншіден, ұлттық код пен отаншылдыққа тәрбиелеуді негізгі алу және бұл арнаны одан әрі дамытуды қолға алу. Мәселен, тарихи кітаптар, тарихи фильмдердің шығарылуы жастардың бойында елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға игі ықпал ете алады. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады», -деп атап көрсеткен Елбасы ұлттық кодтың негізі оның тарихи тамырлары екендігі туралы пайымдаған болатын.

Үшіншіден, білімнің салтанатын негізгі алып даму. Осыдан бірнеше жыл бұрын оқылуға тиісті «100 кітап» белгіленген еді. Рухани жаңғыру саясатын жүзеге асыру қолға алынып отырған шақта, бұл бағдарламаны одан әрі өркендету де маңызды істердің бірі болып отыр. Үш тілділік, ағылшын тілінің курстарының ашылуы, жоғары оқу орындарындағы ағылшын тіліндегі пәндердің енгізілуі т.б. білім салтанатын негізгі алады.

Білім салтанатында, сонымен қатар мәдени туындыларды да игеру, сөйтіп көркемдік танымды, эрудицияны одан әрі кеңейту де сұранып тұрған заманауи қажеттілік.

Төртіншіден, мәдени туындылардың бәсекеге қабілеттілігін де басты назарда ұстау керек. Мәселен, қазақ кинолары әлемдік деңгейдегі конкурстарда биік белестерден табылып жүр. Осы бағыт өнер туындыларының сапасы мен мазмұнының тереңдігін, әлемдік туындылармен қатар тұруын, кейде олардан да басым болуын талап етеді. Бәсеке нарық заманындағы үдеріс. Сондықтан, бүгінгі таңда тек экономикалық қана емес, рухани-мәдени бәсекелестік те жаһандану заманындағы басты талаптардың бірі. Ғылымдағы бәсекелестік, ғылыми еңбектер мен ашылған жаңалықтардың әлемдік деңгейде болуы да осы рухани жаңғырудың аса маңызды буыны. Биылғы жылғы Астанада өткізілген ЭКСПО көрмесі, бір қырынан, еліміздегі өнертапқыштықтың, интеллектуалдылықтың, ғылыми жаңалықтардың бәсекелестігін қамтамасыз етуге арналды. «Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін», -деп атап өткен Н. Назарбаевтың мақаласындағы сөзі де осыны меңзейді.

«Цифрлы Қазақстан» физика, кибернетика, информатика ілімдерін одан әрі дамытуды талап етіп отыр. Сонымен қатар, барша қазақстандықтардың цифрлы өмірге бейімделу жауапкершілігін арттырады.

Рухани жаңғыру кезеңінде біздің дініміз және жалпы еліміздегі діни климат та конфессияаралық келісімділік аясында қызмет етуі тиіс. Діннің қоғамдағы қызметі мен ықпалы күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Бұны әлемдегі діни экстремизм мен терроризмнен-ақ байқауға болады. Оның

алдын алу шараларының бірі – дін аралық келесімділік пен діни төзімділікті сақтау және оны әрі қарай нығайту болып саналады. Сондай-ақ, дін рухани мәдениеттің маңызды салаларының бірі екендігі сөзсіз. Ендеше, діннің қоғамдағы орны мен ролін күшейту және оның игілікті тетіктерін қадағалап отыру маңызды шаралардың бірі деп айта аламыз.

Ұлттық болмысты өркендету мен ұлттық сана өрісін кеңейту мақсатында біз тарихилыққа көбірек көңіл аударуымыз керек. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, тіл мен діл, ұлттық этика мен ұлттық саясат т.б. ұлттық сананың бірегейленуінің негізгі тетіктері мен материалдары болып табылады. Біз ұлттық болмысты өркендетудің белгілі бір сатысына көтерілдік, бірақ оны әрі қарай өрістету ұлттық бірегейлікті нығайта түсуге қарай бет бұрып отырған қадам.

Сонымен қатар, жалпыадамзаттық мәдениет салаларының ұлттық форматтарын қалыптастыру мен оларды әрі қарай жандандыра түсу де рухани жаңғырудың үздіксіздігінің басты талаптарының бірі болып отыр: ғылымда, әсіресе, қоғамдық ғылымдардағы – этнопедagogика, этнопсихология, ұлттық философия т.б.; саясат пен экономикадағы – ұлттық саясат пен ұлттық экономика, өнер түрлеріндегі – ұлттық өнерлер; моральдегі – ұлттық мораль т.б.

Прагматизм мен рухани мәдениет кей жағдайда бір-біріне сәйкес келмеуі де ықтимал. Дегенмен, руханилық та нақтылықты, тиімділікті, нәтижені талап етеді. Мәселен, түсірілген кинофильмдер өзінің түсіру шығындарын қайтарап алуы керек, тек отандық кинотеатрларда ғана емес, шет елдерге сатылып, қаржы құюы тиіс.

Рухани жаңғыру негізінде отандық мәдениетті одан әрі өркендетудің де өзіндік бағдарлары бар. Бірінші, ұлттық мәдени қауіпсіздікті сақтау. Қауіпсіздік тек қана экономика мен саясатта ғана емес, рухани мәдениет арнасы үшін де қажетті құбылыс болып табылады. Ол үшін сын-қатерлердің адын алуымыз керек. Бұл мәселені де Н Назарбаев өзінің мақаласында былайша сауал ретінде тастайды: «Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?».

Бұл дегеніміз әбір ұлт немесе мемлекет өзінің дербес даму жолын да жіті қадағалап, сақтап отыруы тиіс дегенді білдіреді. Мәселен, қазіргі әлемдегі идеологиялардың кей сәттерде жағымсыз тұстары байқалып қалады немесе біздің ұлттық құндылықтарымызға сай келмейтін идеялардың сіңірілуі. Мәселен, бір жыныстылардың заңдастырылуы, діни жат пиғылдық идея т.б. атап өтуге болады. Себебі, қазіргі отандық кеңістігімізде де еуропаландыру, америкаландыру, арабтандыру, т.б. әр түрлі идеологиялар тарап отыр. Міне, осы идеологиялардың ықпалдарын қабылдауда бізге сүзгі керек, бұл – ұлттық код арқылы жүзеге асатын құрылым.

Сонымен қатар, мультикультурализмнің, постмодерндірудің жағымсыз жақтарының алдын алу да қауіпсіздік шаралары болып табылады. Мәселен, постмодернизмнің кейбір бағыттары біздің ұлттық діліміз мен дүниетанымызға сай келе бермейді.

Рухани жаңғыру аясында ұлттық мәдениетті дамыту ол бір сәткі акт емес, үздіксіз жүріп отыратын және болашаққа бой сермейтін үдеріс болып табылады. Даму мен өркендеу жаңғыруды, жаңаруды, модернизацияны, модификацияны, инновацияны керек етеді. Мәдениетіміздің одан әрі өркендеуінің басты бағдарларының бірі – ұлттық код. Ұлттық кодты негізге алып даму бірден-бір сенімді, адастырмайтын бағдар. Мәселен, Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты – халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі бихевиоризм қағидасы бойынша сүйеніліп жүрген; байқап көру – қателесуді, рухани-әлеуметтік тұрғыдан кері кетудің немесе адасудың алдын алып отыратын жалпылама канондық, барынша абсолютті өмірлік ұстаным ережелері мен ғұмыр кешудің нақты және тұтас бейнесі болып табылады және ұлттық трансцендентальді руханияттық императивтер жүйесіне айналады. Бұнда әуел бастан-ақ бәрінің жауабы нақты берілген, тығырыққа тірелгенде немесе «өмір сүрудің қай жолы дұрыс» деген сауал тасталғанда, ата-баба дәстүріне сүйеніп ғұмыр кешу ұстанымы мыңдаған жылдар бойғы тарихты құрайды. Себебі, ол бір күнде-ақ пайда болған, не мистикалық тұрғыдан тылсым күштер арқылы жіберілген бір сәттің туындысы емес, халықтың мыңдаған жылдар бойғы өмір сынағынан өткізілген, шыңдалған, жүйеленген, сұрыпталған, тиімсіздері мен қажетсіздері алынып тасталынған өмір сүрудің формуласы іспеттес айқын тұғырнамасы деп те айтуымызға болады. Демек, қайта-қайта өмір сынағынан өткізіліп, өміршең кейіпке енген, өзінің тиімділігі мен оңдылығын дәлелдеген, халықтың ділі мен дүниетанымына үндескен дала заңдарының стихиялық көрінісі.

Ал ұлттық код осы әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институтымен сабақтасады. Сондықтан ұлттық мәдени құндылықтарды одан әрі өрістету – маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Мысалы, осыдан, бірнеше жыл бұрын кеңестер Одағы дәуірінде біз музыка саласында көбіне орысша әндерді тыңдайтын болсақ, қазіргі таңда жас қазақ әншілерінің буынының пайда болуы мен олардың тек қазақша әндерді шырқауы үлкен серпіліс алып келді.

Осыған орай, біз рухани мәдениет аясындағы ұлттық рух негізінде әрі қарай дамытуды, аясын кеңейтуді сұранып тұрған салаларды атап өтуімізге болады.

Музыка саласында: домбырамен, қобызбен айтылатын халықтық әндер соңғы кездері өнер сахнасына сиректеу шығып отыр.

Қолөнер мен тігін өнерінде тігілген ұлттық киімдерді тұрмыстық өмірде де қолдану және оларды заманауи киім үлгілерімен комбинациялау да әрі қарай дами түсуі тиіс.

Архитектурада тарихи ғимараттар үлгісіндегі кешендерді тұрғызу. Оның кейбір белгілері бар, дегенмен, біз көп жағдайда классикалық және модерндік стильдерге көңіл аударамыз.

Кино өнері саласында тарихи кинолар мен мультфильмдерді одан әрі көбейте түсу және олардың сапалық-мазмұндық жақтарына көңіл аударып, әлемдік бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру.

Барлық өнер мен мәдениет мұраларында ұлттық нақыштардың қолданылу аясын кеңейту. Қазір тұрмыстық-техникалық бұйымдар елімізде өндіріліп, «Қазақстанда жасалған» деген белгімен таралып жатыр. Осы өнімдерде де ұлттық рәміздердің көріністері байқалып отырылуы тиіс.

Әдет-ғұрпымыздың арғы себебі белгісіз болып келе жатқан ішкі мағынасын ашып беру және оларды тұрмыста қолданудың қажеттіліктерін құру.

Рухани мәдениетті толықтай коммерциализациялауға болмайды. Дегенмен, нарықтық талаптарға сай кейбір мүмкін болатын салаларды нарықтық сұраныстарға сай ретке келтіріп отыру да болашақтағы мәдениет дамуындағы маңызды қадамдардың бірі болуы тиіс.

Ақпараттық технологиялық даму аясында олардың тетіктері мен қызметтерін жетік меңгеріп отыру, заман талабынан қалмау да адам санасының ашықтығы мен мәдени-тұрмыстық өмірге бейімделуінен туындайды.

Заман талабынан туындап отырған латын әліпбиіне көшуге дайындықты күшейту. Қазірден бастап, барлық ақпараттарды, әсіресе, оның жазба түрлерін бірте-бірте латынға ауыстыру.

Сананың ашықтығына сай біздің мәдениетіміз де барынша ашық болуы тиіс. Мәдениеттер сұхбаттастығы өзге халықтар мен ұлттардың мәдениеттерінің озық үлгілерін игеріп, біздің озық мәдени құндылықтарымызды әлемге тарату, бұл – еліміздің әлемге әйгіленуінің маңызды шарттарының бірі болып отыр. Оның бастамасы да жоқ емес. Мәселен, дәстүрлі тағамдарымыз: қымыз бен шұбат, қазы т.б. қазіргі таңда бүкіл әлемді мойындатқан. Сондай-ақ, бейнелеу өнеріміздегі, музыкадағы, қолөнердегі т.б. озық шедеврлерді де бірте-бірте әлемдік мәдени кеңістікке жариялау да келешектегі мәдени дамудың маңызды шарттарының бірі болмақ. Бүгінгі таңда спорт саласында, әсіресе, жекпе-жек сайыстарына негізделген түрлерінде Қазақстан әлемге танымал болып келеді. Осы беталысты одан әрі кеңейту де келешектегі мәдени-рухани дамудың талаптарының бірінен саналады.

Өркениетті дамыған 30 едің қатарына ену стратегиясы тек экономикалық салада ғана емес, сонымен қатар мәдени-рухани саланы қамтиды. Сондықтан да, отандық мәдениетіміз қашанда озық үлгілермен, әлемдік мәдени туындылармен бәсекелесетіндей болып дамуы тиіс. Мәселен, бүгінгі күнге дейін, мәдени және ғылыми озық туындылар бойынша берілетін әлемдік «Нобель сыйлығына» бірде бір қазақстандық ие бола алмай отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рухани жаңғыру/ http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293

2. Қ.Ж.Рахметов, А.Н.Болатова, З.Н.Исмағанбетова. Саясат-тану. Оқу құралы. Алматы: «Өлке», 2005.-176 бет

3. Жукоцкий И. Основы современного гуманизма// Глобализация и гуманизация: культурно-историческое и политологическое измерение гуманистических традиций. Учебное пособие. Нижневартовск, 2005.-350с.

4. Кефели И.Ф. Социальная природа глобализма//Перспективы человека в глобализирующемся мире / Под ред. [Парцвания В.В.](#) СПб.: [Санкт-Петербургское философское общество](#), 2003

5. Назарбаев Ә.Н. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық// Қазақ әдебиеті, № 23 (3079) 6-12 маусым, 2008ж.

6. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениет-тану: Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық.-Алматы: Раритет, 2004.-416 бет

Бегалинова Калимаш Капсаровна,
Ф.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, Алматы, Қазақстан, E-mail: kalima910@mail.ru

ТИМУРИДТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІ

Мақалада XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдағы Орталық Азия өнерінің түрлері, сәулет өнері, білім, ғылым және рухани мәдениеттің шырқау шегіне жетуіндегі Әмір Темір мен оның ізбасарларының тарихи ролі туралы сұрақтар қарастырылады. Сонымен қатар, ғылыми және ағартушылық қызмет үшін керекті шығармашылық ортаны қалыптастырудың тарихи тәжірибесі талданады. Бұл тәжірибе Орталық Азия аймағында көрнекті ғалымдардың пайда болуына ықпал еткендігі баяндалады. Авторлар саяси жағдайды тұрақтандыру мен ғылым-білімнің өркендеуі ел экономикасы, жер өңдеу шаруашылығы, қолөнер, суландыру жүйесі, көпірлер, жолдар, мектептер, медреселер, керуен-сарайлар, емханалар, моншалар құрылысының дамуымен, сондай-ақ қоғамдық-шаруашылық тәжірибеге ғылыми білімдерді енгізу сұрақтарымен өзара тәуелді екендігіне назар аударып, ара-жігін ашып көрсетеді. Әмір Темір мен оның ізбасарларының дәуіріндегі мәдениет пен ғылымды зерттеу Орталық Азия халықтарының тарихы үшін ерекше маңызға ие екендігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: Шығыс Ренессанс, Темір және Темуридтер дәуірі, рухани мәдениет, ғылым, білім, сәулетші, медресе, мешіт, керуен сарай, ханака, астрономиялық мектеп, обсерватория, медицина білімі, кітапхана, орта ғасыр ғалымдары.

Begalinova Kalimash Kapsamarovna,
Professor of the Kazakh National University
named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, E-mail: kalima910@mail.ru

ABOUT SOME ASPECTS OF COLORED CULTURE AND SCIENCES OF PRICE ASIA IN TIME

AMIRA TEMUR AND THE TEMURIS

This article discusses the historical role of Amir Temur and his ancestors in a truly unprecedented scale off cultural and spiritual, scientific, educational, architecture and various arts of Central Asia at the end of XIV and XV centuries. It analyzes the historical experience of creating important creative environment for research and educational activities that contributed to the emergence in the region of a galaxy of outstanding scientists. The problems of interdependence in political stabilized situation and take-off of science education in the country with the development of economy, agriculture, handicraft, the construction of irrigation facilities, roads and bridges, schools, madrassas, mosques, caravanserais, inns, hospitals, baths, as well as the implementation of scientific knowledge in the social and economic practice. It is shown that the study of culture and science in the era of Amir Temur and the Temurids is important for the history of all the peoples of Central Asia.

Key words: Oriental Renaissance, knowledge triangle, the era of Temur and his dynasty, the spiritual kultura, science, education, architecture, madrasa, mosque, caravanserai, khanaka astronomical school, observatory, medical knowledge, libraries, scholars of the Middle Ages.

Важное значение в историко-политическом, духовно-культурном развитии центрально-азиатского региона имело разделение огромной полиэтнической державы - Золотой орды Чингисхана на ряд самостоятельных, фактически независимых друг от друга государственных образований, как Ак Орда, Кок Орда, улусы Чагатая, Шибани и другие. Во главе их становились сыновья и внуки Чингисхана. Политико-экономическое управление ими осуществлялось на основе свода законов «Яса» Чингиз хана, некоторые положения которого устарели, не отвечали требованиям времени, поскольку отражали особенности кочевого уклада жизни. В эти времена происходил переход некоторых среднеазиатских племен от кочевого

образа жизни к оседлому, от скотоводства к земледелию. Эти процессы сопровождались бесконечными военными конфликтами между различными племенами, родами, что плачевно отражалось на положении широких народных масс, которые облагались непомерными налогами. Обнищание населения достигло апогея. И в этих условиях на арену военно-политической борьбы выходит Амир Темура, который в кратчайшие сроки становится правителем Мавераннахра, а после этого продолжает победоносные завоевательные походы в глубь Азии. С правлением Амира Темура связывается расцвет культуры и науки в центрально-азиатском регионе. Не случайно, период правления Амира Темура называют временем возрождения научного, духовно-культурного развития. В исследовательской литературе этот период называют «Ренессансом», которое в переводе с ряда европейских языков означает «Возрождение». Принято считать, что Ренессанс, т.е. мощное и широкое возрождение культуры, науки началось с Италии в XIV-XV веках, затем перешагнуло границы и переместилось в другие западноевропейские страны. В странах Центральной Азии эпоха Ренессанса началась значительно раньше, в период Арабского Халифата в IX-XII века. Этот плодотворный во всех отношениях период был прерван татаро-монгольским нашествием. Возрождение культуры и науки, своеобразный возврат к высокому искусству, к классическому наследию времен аль-Фараби и Ибн-Сины, ал-Хорезми и ал-Беруни и других прославленных средневековых ученых, мыслителей стал возможен в эпоху **Темура и Темуридов в конце XIV и XV веков. И изучение данного феномена, расцвета науки, культуры, искусства в эпоху Амира Темура представляется весьма значимым для исследования не только прошлого культуры наших народов, но и для его настоящего и будущего. Как говорил русский историк В.О. Ключевский, без знания истории мы должны были бы себя признать случайностями, не знающими, как и зачем мы пришли в мир, как и для чего в нем живем, как и к чему мы должны стремиться. И с этими словами выдающегося историка трудно не согласиться.**

В Средней Азии и в Казахстане на огромных степных просторах Дешт-и Кыпчака на основе улуса Чагатая были образованы два крупных государственных объединения – Мавераннахр и Могулистан. В процессе их формирования не ослабевали войны за власть между ханами этих государств за спорные территории. В этой войне на стороне хана Могулистана Туглука активное участие принимал и Амир Темура со своей собственной военной дружиной, состоявшей в основном из джигитов-сородичей и соплеменников. К этому времени Амир Темура выдвинулся как видный военачальник, грамотный стратег. После одного из успешных сражений хан Туглук назначает его правителем г. Кеша. Но через некоторое время он оставляет эту должность и переходит на службу к эмиру Балха Хусейну. Вместе с ним он в тяжелых многократных сражениях отвоевывает у хана Туглука Мавераннахр, и в течение определенного времени с эмиром Хусейном правит этим регионом. Однако, между ними часто возникали противоречия, которые вылились в вооруженное столкновение, победителем из которого вышел Амир Темура. Он становится единственным правителем Мавераннахра. «Укрепившись в Самарканде, Тимур завоевал всю Среднюю Азию, Сибирь, Персию, Багдад, Дамаск, Египет, Индию и разгромил Золотую Орду. Столкнувшись с Баязидом, Тимур наголову разгромил его непобедимое войско, а самого Баязида захватил в плен» (Бутромеев, 2001:171). Амир Темура «намеревался завоевать Китай с целью обращения китайцев в ислам» (Серикпаев, 2011:305).

За короткое время Амиром Темуром была создана огромная полиэтничная, мультикультурная держава, управление которой осуществлялось на основе «Уложения», специфического свода законов. «Уложение Темура» является своего рода наставлением Темура потомкам, и состоит из двух частей: биографии Амира Темура с 1342 по 1405 годы и «Тузуката», т.е. своеобразного наставления по устройству государства и войска. Слово «Уложение» понимается как устав, свод правил, своего рода кодекс законов» (История Узбекистана, 2011:138). Амир Темура способствовал расцвету и подъему материальной и духовной культуры, возрождению позитивных обычаев, традиций многих тюркских народов. «За каждым таким обрядом, обычаем, представлением стоит вся культура в целом – культура, ориентированная на общество, а не на личность» (Жуковская, 2002:219). И это осознавал Амир Темура.

Основная его деятельность была направлена на совершенствование земледелия, расширения систем орошения, развития городского строительства и ремесел и т.д. Все это требовало обращения к науке, к знаниям. В это время усиливается роль ученых, строителей, архитекторов, ремесленников и т.д. Как видим, в развитии материальной и духовной культуры, образовании и науки в Центральной Азии историческая роль Амира Темура и его преемников поистине беспрецедентна и масштабна.

О жизни и деятельности Амира Тимура сохранилось значительное количество источников, библиографических материалов, носящих официальный и апологетический характер, написанных как при его жизни, так и после его кончины. Среди этих источников особую ценность представляют те из них, которые написаны выдающимися учеными, являвшимися современниками Амира Тимура. К числу их относится «Зафар-Намэ» («Книга побед») Низамиддина Шами. «Собранный в нем свод фактического материала лег в основу всех последующих сочинений, посвященных жизни и деятельности Тимура. Несмотря на апологетический характер изложения, историку легко разобраться в том, что в его рассказе достойно доверия и что требует к себе критического отношения» (Тамерлан, 1992:7). Заслуживает внимания и «Зафар-Намэ» Шарафиддина Али Язди, в котором изложены ценные факты из жизни великого Амира Тимура его внуком Ибрахим-султаном с помощью его секретарей в г. Ширазе, научно отредактированное Шарафиддином Али Язди. Как пишет сам ученый, он «лишь литературно обработал это произведение» (Тамерлан, 1992:7). Ценным источником тимуридской историографии является труд Ибн Арабшаха «Чудеса предопределения в событиях (жизни) Тимура», написанное на арабском языке, отличающееся объективностью, большей долей правдивости. Следует отметить, что Ибн Арабшах в возрасте 12 лет был взят в плен Амиром Тимуром и увезен в Самарканд. Видимо, он принимал участие и в военных походах Амира Тимура, поскольку описывает их как очевидец. Несмотря на явную ненависть к великому полководцу, он не отказывает ему в большом уме, военном таланте, организаторских качествах, незаурядных личностных способностях. Имеются источники, в которых Чингисхана и Амира Темура возводят к одному общему предку: «...Согласно «Сокровенного сказания монголов», как Чингисхан, так и эмир Тимур происходят от одного предка по имени Бодончар, светлого человека. И как выясняется: оба оказались рыжими. Чингисхан – одиннадцатый потомок Бодончара, а Тимур – двенадцатый (по разным ветвям). Следовательно, Чингисхан и Тимур не являются потомками тунгусско-маньчжурских племен, которые по своей природе рыжими не бывают» (Оловинцов, 2012:150). Немало интересных, важных и существенных сведений об Амуре Тимуре хранят и русские летописные источники, западноевропейские хроники, описания многих ученых, религиозных деятелей, путешественников, купцов, которые непосредственно соприкасались с великим человеком.

Вся жизнь и деятельность Амира Темура была связана с Мавераннахром, его отчим домом, родиной. Мавераннахр – один из древнейших очагов культуры в центрально-азиатском регионе. На протяжении тысячелетий здесь формируется богатая и самобытная культура, основанная на поливном земледелии и многовековых контактах оседлого и кочевого мира. Ремесленники Мавераннахра являлись искусными ювелирами, знали обработку золота, серебра, олова, свинца, используя металлургическую технологию, владели навыками обжига глины, изготавливали керамическую посуду, украшенную разными геометрическими фигурами и т.д. Современная наука располагает достаточным материалом о социально-культурном, бытовом укладе, жизнедеятельности населения этого региона, свидетельствующих о достаточно высоком уровне их развития. Ученые Мавераннахра внесли огромный вклад в развитие многих отраслей науки, особенно таких, как астрономия, математика, медицина, история и литература. В начале X века появляются в этом регионе первые высшие учебные заведения - медресе.

Сущностную роль в формировании и развитии естественных наук в Центральной Азии сыграли труды ученых Мавераннахра. К ним можно отнести Мухаммада ибн Мусу ал-Хорезми. К его имени иногда добавляют слово «ал-маджуси», т.е. маг, подчеркивая, тем самым, близость его взглядов к зороастрийским магам и жрецам. Без этого имени невозможно представить современную математику, астрономию и географию. Его деятельность была связана со знаменитым «Домом мудрости» халифа аль-Мамуна, в стенах которого работали многие прославленные ученые Арабского Халифата. Ал-Хорезми были написаны свыше 20 научных трактатов, которые вошли в золотой фонд мировой науки. Это - **Книга об индийском счете», «Краткая книга об исчислении алгебры и алмукабалы», «Астрономические таблицы» (зидж), «Книга о построении астролябии», «Книга картины Земли», «Книга о действиях с помощью астролябии», «Книга о солнечных часах», «Книга истории», «Трактат об определении эры евреев и их праздниках».** Им заложена основа алгебры, он дал ее название. В европейской транскрипции составная часть имени ученого ал-Хорезми, обозначающая местность, откуда он родом, стала звучать как «алгоритм». Это слово навсегда вошло в научный обиход и означает регулярный вычислительный процесс.

и борьбе противоположностей. Культ Диониса, бога растительности, виноградарства, виноделия, производительных сил природы, вдохновения и религиозного экстаза, и культ Аполлона - бога света, покровителя искусств, предводителя и покровителя муз - это разные ипостаси человеческой души, которые сливаются также воедино, как Вакх и Аполлон в греческом культе [15]. «Познай самого себя, и ты познаешь Вселенную», - античное изречение, надпись (Дельфийские максимы) на стене Древнегреческого храма Аполлона в Дельфах, где находился Дельфийский оракул, до сих пор является загадкой, хоть ее пытались разгадать древнегреческие мыслители Критий, Сократ. Из открытых источников известно, что в диалоге Платона «Протагор» утверждалось, что семь мудрецов: Фалес, Питтак, Биант, Солон, Клеобул, Мисон и Хилон, собравшись вместе, преподнесли эту фразу, как зачаток мудрости, богу Аполлону. В платоновском диалоге «Хармид» афинянин Критий высказывает мысль, что фраза «Познай самого себя», обращенная богом посетителям храма, должна заменять собой обычное приветствие «Здравствуй»; бог, таким образом, считает самопознание более важной вещью, чем здоровье [16].

В хореографии если классический танец как основная составляющая балета с его продуманной постановкой спектакля, определённым сюжетом, драматургическим замыслом представляет «аполлонийское» (сознательное) начало, то танец модерн – уже направление в танцевальном искусстве, появившееся в начале XX века как результат ухода от строгих норм балета в пользу творческой свободы исполнителей и хореографов, представляет собой «дионисийское» (бессознательное) начало.

Хотя современный танец модерн, называемый сегодня contemporary dance, в отличие от стиля основательницы этого направления в танце Айседоры Дункан, танцы которой всегда были импровизацией, хоть и выражает свободную мысль балетмейстера, но все же, продуманная постановка, сюжет и исполнительство отдельно от балетмейстера здесь присутствуют. Поэтому танец модерн начала XX века считают утопией Серебряного века.

Балет до танца модерн представляли как «дивертисмент» (от фр. divertissement — «увеселение», «развлечение» и итал. divertimento), означающий ряд номеров, составляющих особую увеселительную программу, даваемую в дополнение к какому-либо основному спектаклю, концерту. И даже в современном мире увлечение танцами считается чем-то несерьезным, не затрагивающим важные области жизни и материального мира. Но отношение к танцу как к философии зародилось в конце XIX и начале XX веков в основном благодаря философии Ф. Ницше, которого называли «танцующим философом». Ф. Ницше признавался, что поверит «только в такого Бога, который умел бы танцевать», и считал потерянным «день, когда ни разу не плясали мы!». «Он имел в виду – комментировала Ф. Ницше Айседора Дункан – «не пируэты и антраша, а выражение жизненного экстаза в движении» [17].

«И однажды захотел я танцевать так, как еще никогда не танцевал, – выше небес хотел воспарить я в танце своем. Тогда подговорили вы любимого певца моего. И запел он унылую, мрачную песнь; о, словно зловещий рог затрубил мне в уши. Смртоносный певец – орудие зла, ни в чем не повинное! Уже встал я, готовый к лучшему своему танцу; но мелодией своей убил он мой восторг. Только в танце могу я выразить символы и подобию высочайших вещей: и вот высочайший символ так и не отразился в движениях тела моего!» - писал Ф. Ницше [18].

Благодаря этому труду Ницше, танец стал для его читателей символом бунта против авторитарной культуры, пространством индивидуальной свободы, где возможны творчество и обретение самого себя.

«В сферу художественно-образного отражения включается все многообразие предметного мира, широчайшая область общественного развития, сложнейшие проявления жизни человеческого духа. Образное проникновение искусства в мир действительности поистине не имеет границ» - пишет К.Н. Матиев [19]. Эта цитата также подтверждает наше мнение о том, что образным языком танца, как и других видов искусства, можно выразить сложнейшие и возвышенные проявления человеческого духа.

В 1892 году появляется танец под общей категорией «модерн». Хотя целительные свойства танца были известны издавна, танцевально-двигательная терапия как отдельное направление психотерапии сложилось только в XX в, когда возник танец модерн (или как его сейчас называют contemporary dance). Танцевально-двигательная терапия своим появлением во многом также обязана психоаналитическим школам, рассматривавшим психику человека как совокупность сознательных и бессознательных процессов (Психоанализ З.Фрейда, «Индивидуальная психология А.Адлера, Аналитическая психология К.Г.Юнга).

Родоначальницей свободного танца, послужившего истоком различных направлений современного

танца и пластики, и давшего импульс реформе самого классического танца, считается танцовщица Лои Фуллер, в труппе которой начинала свое восхождение и другая, ставшая впоследствии более известной танцовщицей свободного танца Айседора Дункан. «Айседора танцует всё, что другие говорят, поют, пишут, играют и рисуют, она танцует Седьмую симфонию Бетховена и «Лунную сонату», она танцует «Primavera» Боттичелли и стихи Горация» писал Максимилиан Волошин [20].

Предвестником танца модерн был П. И. Чайковский, под музыку которого танцевала Айседора Дункан. Он отрицал балетную технику, отрешившись от механизма движения и самой эстетики искусственной «балетной красоты». Его адептов интересовал танец как особая философия, способная изменить жизнь, как возвращение человека к естественному движению, к самому себе.

Танец-экстаз, танец-импровизация стала самой характерной утопией Серебряного века. «Человеку, – писала одна из последовательниц Дункан – надо, прежде всего, пробудить свою «волю к импровизации». Танцевальная импровизация – это «проявление и осуществление своего высшего духовного и физического я в движении, претворение плоти и крови в мысль и дух, и наоборот» [21].

Айседоры Дункан называли «ожившей музыкой», настолько гармоничны были ее движения с классической музыкой. Танец был для Айседоры больше, чем просто танец, она создала собственную философию танца, естественности и свободы: «Для меня танец не только искусство, позволяющее человеческой душе выявиться в движениях, но он еще и основа целой концепции жизни, более утонченной, более гармоничной, более естественной. ... все подчиняется этому верховному ритму, характерным признаком которого является струение. Ни в чем природа не совершает скачков; между всеми моментами и состояниями жизни существует последовательность, которую должна свято соблюдать в своем искусстве и танцовщица, иначе она превратится в неестественную, лишенную истинной красоты, марионетку. Искать в природе наиболее прекрасные формы и находить движение, которое выявляет душу этим форм, – вот искусство танцовщицы», – писала она в статье «Искусство танца» в 1913 г. [22].

Согласно М.А. Волошину танец - это такой же священный экстаз тела, как молитва - экстаз души. Поэтому танец в своей сущности самое высокое и самое древнее из всех искусств. Оно выше музыки, оно выше поэзии, потому что в танце вне посредства слова и вне посредства инструмента человек сам становится инструментом, песнью и творцом и все его тело звучит, как тембр голоса [23]. Это утверждение известного критика начала XX века противоречит общепринятому мнению о танце как легкой развлекательной забаве в жизни человека.

Культурное наследие наделено большими воспитательными возможностями, так как, обладая наглядностью и высокой притягательностью, они являются источником сильного эмоционального воздействия. Эмоциональные ощущения вместе с исторической и эстетической информацией активно влияют на формирование знаний и социального сознания личности. Сочетание этих двух качеств делает культурное наследие мощным средством педагогического воздействия, формирования убеждений, философского мировоззрения, мотивации действий и, в конечном итоге, одним из факторов, определяющих общественное сознание и поведение.

Танец, как мы отмечали ранее, является первым синкретическим видом искусства на заре развития человечества, который вобрал в себя зачатки всех других видов искусства, таких как литература (первые жесты и знаки), музыка (ритм), изобразительное искусство (костюм) и т.д. Поэтому, по мнению автора, танец является одним из самых действенных средств воспитания подрастающего поколения. И философия танца очень важна как методологическая основа теории и методики преподавания танца.

Танец развивает не только чувство прекрасного, он совершенствует человека одновременно физически, развивает крупную и мелкую моторику, тем самым воздействуя положительно на мыслительные функции человека. Танец – это также способ самовыражения, который помогает преодолеть психологические барьеры в общении. Также танец, по мнению автора, является ключом к разгадке фразы «Познай самого себя», так как познать себя можно только через свое тело, которое таит в себе много загадок, которые еще предстоит человеку разгадать.

Список использованной литературы:

1 Конвенция об охране нематериального культурного наследия ЮНЕСКО [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml (дата обращения: 17.02.2019).

2 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана: от 17 января

2014 г. *Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvaryu-2014-g (дата обращения: 01.04.2019).

3 *Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (дата обращения: 01.04.2019).

4 *Статья Главы государства «Семь граней Великой стени»* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi> (дата обращения: 01.04.2019).

5 *Кривцун О. Эстетика* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL:

https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Culture/Krivcun/_01.php (дата обращения: 05.05.2019).

6 *Россихин В.В., Яковенко М.Г. Этология брачных отношений в мире животных* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://www.zoology.dp.ua/z_07_020.html (дата обращения: 05.05.2019).

7 *Плохов А.В. Синтез искусств и инвариантность в исполнительстве в сфере взаимодействия музыки и танца* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://www.dslib.net/teoria-kultury/sintez-iskusstv-i-invariantnost-v-ispolnitelstve-v-sfere-vzaimodejstviya-muzyki.html> (дата обращения: 05.05.2019).

8 *Дьяконова Л. Т. Танец как феномен культуры* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/v/tanets-kak-fenomen-kultury> (дата обращения: 05.05.2019).

9 *Морина Л.П. Ритуальный танец и миф // Серия “Symposium”, Религия и нравственность в секулярном мире, Выпуск 20 / Материалы научной конференции. 28-30 ноября 2001 год Санкт-Петербург : Санкт-Петербургское философское общество, 2001. - С.118-124.* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://anthropology.ru/ru/text/morina-lp/ritualnyu-tanec-i-mif> (дата обращения: 05.05.2019).

10 *Тыминский В.К. Освежающая кровь Макомы. Журнал «Танец». 1996. - № 4-5. – С. 53-56.*

11 *Королева Э.А. Танец, его происхождение и методы исследования (по работам зарубежных ученых XX века)* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL:

http://journal.iea.ras.ru/archive/1970s/1975/no5/1975_5_147_Koroleva.pdf (дата обращения: 05.05.2019).

12 *Бороздина Т.Н. Древнеегипетский танец. Москва. Издательство Д.Я.Маковский и Сын. 1919. Товарищество Типографии А.И. Мамонтова.* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://andrew-vk.narod.ru/books/Egypt_dance/Egypt_dance.htm (дата обращения: 05.05.2019).

13 *Язык танца как средство выражения поэзии хореографического искусства* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <https://pandia.ru/text/78/645/17383.php> (дата обращения: 05.05.2019).

14 *Ницше Ф. Рождение трагедии из духа музыки* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://on4a.narod.ru/nietzsche_rojdenie-1.pdf (дата обращения: 05.05.2019).

15 *Морина Л.П. Ритуальный танец и миф // Серия “Symposium”, Религия и нравственность в секулярном мире, Выпуск 20 / Материалы научной конференции. 28-30 ноября 2001 год Санкт-Петербург : Санкт-Петербургское философское общество, 2001. - С.118-124.* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://anthropology.ru/ru/text/morina-lp/ritualnyu-tanec-i-mif> (дата обращения: 05.05.2019).

16 *Платон. Собрание сочинений в четырех томах. – М.:Мысль, 1990-1994.*

17 *Сироткина И.Е. Свободное движение и пластический танец в России. 2-е изд., испр. и доп.: Новое литературное обозрение - Москва - 2014.* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=8884987 (дата обращения: 05.05.2019).

18 *Ницше Ф. Так говорил Заратустра* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://psylib.org.ua/books/nitzf01/txt04.htm#10> (дата обращения: 06.05.2019).

19 *Костерина М.А. Художественно-образная интерпретация пластических мотивов в искусстве танца.* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: *Научная библиотека диссертаций и авторефератов disserCat* <http://www.dissercat.com/content/khudozhestvenno-obraznaya-interpretatsiya-plasticheskikh-motivov-v-iskusstve-tantsa#ixzz5jHa6FCV1> (дата обращения: 06.05.2019).

20 *Айседора Дункан: «Я нашла искусство танца, утраченное две тысячи лет назад»* [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://izbrannoe.com/news/lyudi/aysedora-dunkan-ya-otkryla-iskusstvo-tantsa-iskusstvo-utrachennoe-dve-tysyachi-let-nazad/> (дата обращения: 05.05.2019).

21 Сироткина И.Е. Свободное движение и пластический танец в России. 2-е изд., испр. и доп»: Новое литературное обозрение - Москва - 2014. [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=8884987 (дата обращения: 05.05.2019).

22 Электронный ресурс]. - 2019. - URL: Школа танца Айседоры Дункан: неуместный эротизм или искусство будущего <https://kulturologia.ru/blogs/250516/29682/> (дата обращения: 05.05.2019).

23 Волошин М. А. О смысле танца / «Утро России» 29 марта 1911 г. [Электронный ресурс]. - 2019. - URL: <http://www.stihi-rus.ru/1/Voloshin/tanec.htm> (дата обращения: 06.05.2019).

МРНТИ 01.1321

У. Қадырбекұлы
профессор, ХАА академигі
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті

Діннің мәні және діни ағымдардың қоғамға кері әсері

Аннотация

В данной статье рассмотрены вопросы религиозной ситуации в Казахстане, о различных религиозных течениях и ценностях исламской религии.

Annotation

This article discusses the religious situation in Kazakhstan, the various religious movements and values of the Islamic religion.

Адамзат баласының тарихында діннің өзіндік ерекше орны бар екендігі ақиқат. Себебі, қандай бір дін болсын, адамзат баласының өмірінде мәнді рөл атқарады. Ал, Ислам діні бүгінге дейін әрбір адам бойындағы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға қалай әсер етсе, бұдан былайда солай әсер ететін болады. Екінші сөзбен айтқанда, дініміз бұдан кейін де адамгершілік игі мұраттарды жалпы азаматтық рухани құндылықтарды қабылдаудың ең пәрменді тәсілі ретінде қызмет атқарады. Олай дейтініміз, тәрбие тармақтарының қай-қайсысын алсаңыз да, олардың барлығы Ислам дінінің қағидаларында молынан кездеседі. Дінімізді қалың бұқараға жеткізу, олардың жүрегінде Алла Тағалаға деген сүйіспеншілікті орнықтыру діни мамандар мен қызметкерлерге байланысты. Адам бойындағы қандай бір асыл қасиеттерді қалыптастыруда олардың рөлі ерекше.

Еліміздің тәуелсіздік алуы экономикалық және саяси жүйенің қайта құрылуымен, мемлекеттің құқықтық институттарының жетілдіруімен қоса жүргізілді. Қазақстан Тәуелсіздік алған күннен бастап, дінге сенушілерге және жалпы дінге қатынасын түбегейлі өзгертті. Әртүрлі ұлт өкілдерінің өзара түсіністігі, шыдамдылығы мен Қазақстандық қоғамның терең мәнін құрайтын рухани және мәдени құндылықтарды сақтықпен қабылдауы, халықтың ділінде жағымды көрініс тапты, барлық этностар үшін ортақ идеялар мен құндылықтарды қалыптастарды.

Бүгінде елімізде осы салада дін өкілдерінің орны ерекше екендігі белгілі. Олай дейтініміз, дін арқылы елді біріктіруге де, онда тұратын түрлі ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен ынтымағын бұзуға да болады. Міне, сондықтан да осындай жақсы, не жаман құбылыстарға ықпал жасайтын дін өкілдері болып табылады. Аллаға шүкір, Қазақстанда бұл салада атқарылып жатқан істер көңілге медет береді.

Бүгінгі күнде діннің рөлі қоғам дамуындағы проблемаларды шешу барысында дұрыс жолды бағыттайтын рухани күш ретінде қарастырылып отыр.

«Дін феномені адамның болмысында бар. Сондықтан адамзат қоғамы ешқашан дінсіз болмаған. Өйткені дінді қоғамда нақты шындыққа айналдыру – құндылықтар жүйесінің қалыптасуына қатысты, әрі сол құндылықтарды жүйелендіру мен нақтыландыру қызметі дінмен тығыз байланысты болса, адамнан тікелей тәңірге бағытталған рухани байланыссыз дін құбылысының болуы мүмкін емес. Мәдениет және дін тұрғысынан қарағанда дін ұлттың ұлттығын қалыптастыратын екі негізгі арнаның бірі. Екіншісі – тіл. Дін – өркениеттің негізі, ал тіл – ұлттық мәдениеттің өзін құрайды»

«Адамзат ерте заманнан бері өмір сүріп келе жатыр, сол заманнан бері адамдар өзі өмір сүріп отырған ортасына қарай әр-түрлі пікірлер айтып келеді. Діннің құзыреттілігі ол адамның өзін осы

дүниеге әкелген жаратушысын тану, өзін-өзі тану»

Жалпы алғанда діндердің мәдени құндылықтарының негізі жалпы адами құндылықтарда жатыр деп білеміз. Оған сүйіспеншілік, бейбітшілік, сенім, үміт және әділдік түсініктерін жатқызамыз.

«Адам мен қоғамның өлшемдерінде тіл, ұлт және діни сенімге қатыстылығы сияқты үш белгі ерекше орынға ие болады. Олар өзара байланысты. Сондықтан да олар кейде қатар жүреді (әсіресе, ұлтты тіл мен дінге байланысты анықтау). Бұл өлшемдер халықтың өзіндік мәдениетінің, менталитетінің (діл) құрайтын басты фактор ретінде аталады, яғни, бұлар оның психикалық қалпының, дүниетанымының, мінез-құлқының өзгешелігін көрсетеді»

Әлеуметтану тұрғысынан алғанда дін қоғам өмірінің қажетті құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік қарым-қатыныстың пайда болуы мен қалыптасуының факторы болып табылады. Ал, бұл дегеніміз діннің қоғамда атқаратын қызметі, позициясы тұрғысынан оны қарастыру мүмкіндігін беріп отыр.

Алайда, қазіргі кезде қоғамымызда келеңсіздіктің бір көріністері болып отырған дәстүрлі емес діндер мен түрлі ағымдарға қатысты, ерекше көңіл бөлуді қажет етіп отыр. Олай дейтін себебіміз, қазіргі кезеңде елімізде дәстүрлі діндерге қарағанда дәстүрлі емес діндер өзінің белсенділігін арттыра түсуде. Олардың барлық тілде адамды қызықтыратын түрлі-түсті бояулармен шығатын, тегін таратылатын әдебиеттер арқылы және жекелеген адамдардың уақытша қиындыққа тап болғандығын пайдаланып, оларға материалдық көмек көрсету арқылы, білім беру сияқты түрлі қайырымдылық іс-шаралар жүргізіп, жанашырлық танытып, миссионерлік іс-әрекеттерін қарқынды түрде жүргізіп жатқаны ешкімге құпия емес.

Әрине, бір қарағанда басқа, дәстүрлі емес діндердің жасап жатқаны елеуге болмайтын тірлік сияқты. Бірақ, соның салдарынан елімізде оларға өтіп кеткендердің қаншама отбасыларының шаңырағын шайқалтып, тіпті ерлі-зайыптылардың ажырасуына дейін алып баруда екендігі белгілі. Мұны байқамау – бұған көңіл бөлмеу, оның зияндылығын түсінбеу бізді соқырлыққа әкелетінін қалай айтпасақ. Ал, отбасы – мемлекеттің белгілі бөлігі, мемлекеттің тірегі екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар. Қатар өмір сүруді қалайтын, қайта Ислам дініне қарағанда өзінің артықша жағдайын жасау үшін жан салып күресіп жатқан басқа жақтан келген дәстүрлі емес діндер әсіресе, қазақ халқының, еліміздің ынтымағына аса қауіпті. Керек десеңіз, осындай бізге жат діндердің қызметінің белсенді қызметі ұлт деген ұғымның өзінің жойылуына қауіп төндіретінін айтпай кетуімізге болмайды. Еліміз тәуелсіздік алағаннан бері қарай дәстүрлі, дәстүрлі емес діндер өкілдері өздерінің уағызын, үгіт-насихатын жүргізіп келеді.

Рас. Қазақстан зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет. Қазақстанда діни сенім және ар-ождан бостандығы бар. Заңдарымызда белгілі тәртіппен елімізге келген миссионерлердің діни үгіт-насихат жасауына рұқсат етілген. Азаматтар заңда көрсетілген ережелерді сақтай отырып, діни бірлестіктер құра алады, ғибадатханалар аша алады. Бұл деген не сөз? Яғни, елімізде миссионерлер емін-еркін жұмыс жасай алады деген сөз. Солай жасап жатыр десек те болады. Несін жасырамыз, елімізде діни экспансия жұмысы жүріп жатқанын көреміз. Олар еліміздің идеологиясына зиянын тигізумен қатар, салт-дәстүрлеріміздің тамырына балта шабуға.

Қазіргі кездегі діни ахуал аймағындағы өзекті мәселелердің бірі – діни экстремизм мен терроризм. Ол тек елімізді ғана алаңдатып отырған жағдаят емес, жалпы адамзаттық күрделі түйткіл. Осыған орай, бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік тұрақтылықты нығайту, мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау аясында онымен күрес шаралары нақты қолға алынып отырған саяси мәселелерге дейін көтеріліп келеді. Сонымен қатар, еліміздің азаматтарының қауіпсіздігі мен сақтық шарларында нығайта түсу, біріншіден, мемлекеттік деңгейде, екіншіден, еліміздің әрбір зиялы, парасатты азаматының парызы дәрежесінде тиянақталып отырған басты ұстанымдарының бірі болып отыр. Ендеше, бүгінгі қолға алынып отырған діни экстремизм мен терроризмге қарса күрес шараларының маңызды бір буыны – жастарды одан сақтандыру және қоғамымыздың діни сана климатын бақылауға келіп тоғысады.

Жалпы алғанда, көп дінді ұстанған жекелеген мемлекеттер ыдырап, жойылғандары әлемдік тарихтан белгілі. Міне, сондықтан да, көп ұлтты біздің еліміз үшін әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу мен оны нығайту, экстремизм мен ксенофобияға қарсы тұру – Қазақстан мемлекеттілігінің негізі мен қоғамдағы бейбітшілікті, бірлікті, түсінікті сақтау саясатындағы басты негізі болып табылады.

Дін – отбасы, мемлекет және қоғам құрылымын мықты негіздермен қамтамасыз етеді. Дін жеке адам мен қоғам үшін аса қажетті. Ол адамға иманды болуды, халықтарға бірлік пен тұтастықта өмір сүруді үйретеді, жауапкершілік түсінігін, құлшылық ілімін және жақсы мінез-құлықтарды қалыптастырады. Сонымен қатар, қоғамды кемелдендіретін, оның дамуына мүмкіндік туғызатын негіздерді қамтитын құрылым.

Кеңес өкіметі жылдарында басқа діндерге секілді Ислам дініне көзқарастың қандай болғаны айтпаса да түсінікті. Халқымыз Ислам дінінің тарихын білмеді, Құран Кәрімді оқи алмады. Діни сауатсыздық салтанат күрды. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін дінге деген көзқарас мүлдем өзгерді. Бірақ, Құран Кәрімде баяндалған шынайы Ислам дінінің насихаттау деңгейінің төмендігін және діни сауатсыздық, дінтанушылардың аздығын пайдаланып, дәстүрлі емес теріс ағымдар біршама жастарымызды қатарына қосып алды және күн сайын қосуда.

Сөйтіп, мұнда көптеген келеңсіз жағдайлардың орын алуы дініміздің тарихын, адамның қоғамдағы рөлін түсінбеуімізден болғанын білдік. Алайда, бүгінгі таңда, Ислам дінінің мәнін ашу дегеніміз кезінде жамандап келген кейбір мәселелерді керісінше, заман талабына сай мадақтап, кейбір жеке сөдерді ауыстырумен шектелмейді. Оның сонау тереңде жатқан өзіндік пайда болы, даму тарихы бар. Ислам діні әрбір тарихи кезеңде өзіндік даму сатыларынан, кезеңдерден өтті. Ислам тарихы – дініміздің ғасырлардан ғасырларға дейінгі күресінің тарихы. Оның тарихы- түпсіз тұңғыық. Сондықтан Ислам дінінің қоғамымыздағы алатын орнын ерекше атап өткеніміз жөн.

Діннің қоғамдағы рөлі аса жоғары екендігін айттық. Олай болса, дін арқылы адамды қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайлардан арылтуға болады. Мәселен, нашақорлық, жезөкшелік, зорлық-зомбылық, алаяқтық, т.б. сияқты теріс қылықтарды айтуға болады. Себебі дін – Алла Тағала тарапынан адамдарға бақытты өмір сүру үшін жіберілген заң. Діннің өзі тәрбиенің негізі болып табылады. Адам дүниеге, бұл пәниге келгеннен бастап о бақиға өткенше дін онымен қатар өмір сүреді. Дін адамға қашаннан сүйіспеншілік пен бейбіт өмір сүруді, жақсы сезімдер мен іс-әрекеттер, қайырлы істер мен дұрыс ғибадат жасауды үйретеді. Жамандық, кек, жек көрушілік, дұшпандық, бұзықтық, сенімсіздік сияқты жағымсыз нәрселерден алыстатып, тән тазалығы мен адамгершілікке тәрбиелейді.

Елбасы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» деп атып өтті. Сондай-ақ, Елбасының «Біз тегіміз – түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек. Дінімізді, тілімізді сақтау – ұлттығымызды, мемлекетімізді сақтайды» дегені тағы бар. Олай болса, Ислам діні жай қарапайым дін емес, үлкен өркениет, ғылым мен білімге негізделген дін.

Қорыта айтқанда, Ислам дінінің адамның жеке бойындағы ең асыл қасиеттері - ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, отансүйгіштік, құқықтық және адамгершілік тәрбиесін қалдыптастырудағы орнын, көп ғасырлық қызметін жоққа шығару, әрине барып тұрған ақылсыздық болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бүгінгі дінтану мәселелері. Түркістан, 2004. 64бет
2. Дін және құқық, 2010, №1, 38 бет
3. Ақиқат, 2005, №8, 76 бет
4. Назарбаев Н. «Қазақстан – 2050» - стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» А 2012

ГРНТИ 06.81.23

*Додаева Қ.Ж. гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қазақтың Спорт және туризм академиясы.*

Танымдағы аксиологиялық мәселелердің Шәкәрім философиясындағы мәні.

Таным – адам санасын дамытудың негізі болып табылады. Біздің түйсіктеріміз, қабылдауларымыз, түсініктеріміз және ұғымдарымыз бен теорияларымыз – бұлар объективтік дүниенің субъективтік образдары, практикалық қызметтің формалары.

Адамдардың дүниені тануы, қоғамға деген көзқарасы, таным процесін қалыптастыруы, ойлауы әр түрлі болып келеді. Өмірді танып, түсіну уақыт өткен сайын өзгеріп дами түседі.

Айналадағы дүниені тану – күрделі, қайшылықты процесс, оған шындықты белсенді, творчестволық бейнелеудің белгілі бір жүйелілігі мен өзара байланысы болып табылатын әр түрлі формалар кіреді.

Сондықтан таным процесінің қандай да болсын материалдық заттардың сезім мүшелеріне ықпал етуі нәтижесінде туатын әсерлерден басталады. Осындай философиядағы күрделі ұғым таным процесінің қалыптасуы, таным генезисінің, дүниеге деген көзқарасының тереңдігі мен ойшылдығы тоғысқан Шәкәрім философиясы қазіргі заманда өте өзекті, құнды, өзіндік ерекшелігі мол шығармалары мен еңбектері бізге жетті.

Қазақ философиясының негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ойшылымыз Шәкәрім дүниетанымы көбіне мораль философиясына жақын. Кант философияда тұңғыш рет мораль ерекшелігі жөніндегі мәселені қарастырған болса, Шәкәрім дүниетанымы да көбіне мораль философиясы мен ар ілімін қамтиды. Философты мораль нәтижесі ғана қызықтырмайды, сол нәтижеге, яғни объект жөніндегі ақиқат білімге апаратын жол да қызықтырады. Осы ақиқатқа жету жолында барлық ғалымдар, ойшылдар аянбай ізденіс жолында болып еңбек етті. Өз тұжырымдарын дәлелдеп, ғылымда сан түрлі теориялар қатарын толықтыра түсті. Шәкәрім де мораль, ар ілімдерін айта отырып, өскелең ұрпаққа келелі кеңестер береді.

Шәкәрім дүниетанымында тәңір, нұр, күн, табиғат – қасиетті, киелі ұғымдар.

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі – сар алтын».
Өзімшіл болма, көпті ардақта,
Адамның бәрі – өз халқың.

Осы бір шумақ өлең жолында ойшылдың қаншама халқына айтар мағыналы да мәнді ойын байқаймыз. Шәкәрім философиясы тұнып тұрған ғылымға, ақылға, парасаттылыққа толы. Оның әр бір шығармасынан рухани қазына, тағылымы мол тәлім-тәрбие алуға болады.

Алла тағала адамды нендей мақсатпен жаратқан. Адамды Алла ізгі іс, ізгі мақсұтпен жаратқан. Шәкәрім бұл сұрақты тек адамға ғана қатысты қойған. Сондықтан адамда ең негізгі оны адам етіп тұрған адамшылдығы, ақыл-ойы. Ақыл-ой тек қана адамға ғана тән. Адам сондықтан сол ақыл-ойға тән әрекеттер жасау шарт. Адамды басқа тірі тіршілік иелерінен өзгешелендірген ақыл-ойы. Бұл өмірге адам болып келген соң, ар намысыңды биік ұстап адам болу парызың. Ойшылдың барлық адамдарға айтар насихаты адал еңбек, нұрлы ақыл, адамгершілік қасиет болғанда ғана нағыз толыққанды адам болып қалыптасатынымызды айтады.

Осы ақыл-ой арқылы адамдар өзінің жаратушысын тануы, өзін-өзі тануы. Адам өзінің бір ғана берілген ғұмырын қор қылмай тек орынды әрекетпен, адамшылдыққа сай өмір сүруі. Адамдық болмысын түзеу, адамға сай құндылықтырға қол созу, адам өзінің бойындағы ізгі қасиеттерді сақтау, бір ғана берілген ғұмырын қор қылмай адам деген атта өмір сүру. Өзін тану, өзін жаратқан Алланы тану. Алла тағаланың адамды жарату мақсаты – жаратушы болуының айғағы. Адамның мақсаты – Жаратушыны тану.

Жалпы Шәкәрімнің дүниетанымында тіршілік дегеніміз – жан мен тәннің бірлігі.

Шәкәрім адамның адамшылдығы дегенде жеке бастың мәселесін емес, оның заманға қатысты жағынан айтып тұрған секілді. Адамның заманды өзгертпекші болуы немесе құраралық іс, адам қанша арман, қиялға берілгенімен, ол өзінің табиғатынан асып шыға алмайды. Шәкәрім адамның адамшылдығы дегенде жеке бастың мәселесін емес, оның заманға қатысты жағын айтып отыр. Мұнда көбіне біз адам арқылы заманды танимыз ба, әлде заман арқылы адамды танимыз ба? Бірақ заманды өзгертуші, бәрін жасаушы адам. Сондықтан «заманына қарай адамы» деген орынды түсінік. Ғылым дүниені әрі түзетуші, әрі қарайтушы дейді Шәкәрім. Расында да, заманды жасайтын адам дейміз. Қазіргі күні осы Шәкәрім философиясы адамдарға ауадай керек. Рухани азған адам мен небір сұмдықтар орын алып жатқан қоғамда, біздің ішкі жан дүниемізді нұрландыратын таптырмас асыл мұра.

Ғылым қаншалықты қарқындап дамып, күн өткен сайын тың жаңалықтар ашылғанымен, оның табиғи күйіне келтіріліп жатқан зиянды да ұмытпаған орынды. Ойшылдың да «Ғылым дүниені әрі түзетуші, әрі қарайтушы» деп тереңнен орағытып, ой тастай айтып отырғаны осы болар.

Адам өзгеріс жолына түскен сайын құпияға айналмақ, адам құпиясы ашылса, дүние ойран болмақ. Адам құпиясы дегеніміз – адамның өмірі мен өлімі. Салихалы дұрыс өмір сүру, әр адамның жеке дүниетанымына тікелей байланысты.

Замана озған сайын білім молайып, адамдар білімді бола бастайды. Мұның нәтижесінде күн озған сайын, білім молыққан сайын, адамдар білімді бола бастайды. Ал білімі молыққан сайын адам өзін адам емес күйге бастай бермек. «Адам емес, күй», – деп отырғанымыз өзінің жаратушысы берген табиғатын місе тұтпай, өзін жетілдірмек мақсатында өз болымысынан шығып кету қауіпі. Заман өткен сайын адамның адамгершілігі түзеліп бара ма, бұзылып бара ма деген сауалға, бәріне жауапты

адам. Адамды өзгертетін ол мына қоғамда дамып жатқан технологияда емес, әрбір адамның өзінің ақыл-ой санасына байланысты болатын әрекеттер. Қаншама жылдар бұрын өмір сүрген ойшылымыздың айтып отырған философиялық ойлары тура бүгінгі біз өмір сүріп жатқан заманның нақты әрі өзекті тақырыбы болып отырғанын айқын байқаймыз.

Әрбір адамның адамшылдығы ол қоғамның дамуына өте күрделі әсер ететін құндылықтардың бірі емес пе еді. Тағдырды тағдыр ететін адам, Шәкәрімнің бұл сауалына біз әр түрлі жауап бере аламыз. Замана озған сайын адам әр түрлі тұжырым-ойлармен толыға түспек, бірақ, сірә, адамның соты адам емес пе, оның Жаратушысы болғаны табиғи түсінік пе деген пікірдеміз. Демек, адам азғындалып кетпес үшін адамгершілік қасиеттен айрылмай, ар намыс ұғымдарын биік ұстау керек екенін баса айтады. Шәкәрімнің дүниетанымындағы өзекті мәселелердің бірі ел басқару жөнінде. Шәкәрім Құдайбердиев халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын мемлекеттік биліктегі лауазымды адамдардың еш уақытта азғындық пен бұзақылық жолға салынып кетпеуін армандайды. Мемлекетті азғындық жолдан тазарту және орынсыз әрекеттердің қоғамда көбейіп кетпеуі үнемі адамдарды ойландыратын мәселе. Жалпы Шәкәрім Құдайбердиевті тарихта екі бейнеде көрсетеді. Бірі қырыққа дейінгі Шәкәрім, бірі қырықтан кейінгі Шәкәрім. Қырыққа дейінгі Шәкәрім – ел билеген, болыс болған Шәкәрімнің бейнесі, қырықтан кейінгі Шәкәрім – артқы ұрпағына өлмес із қалдырған, ізгілікке жол ашқан Шәкәрімнің бейнесі. Бұл екі кезеңді қамтитын ойшылдың өмірі мен өнегесі біз үшін өнегелі өмір жолын көрсетеді.

Шәкәрім мемлекеттік билік, ел басқару кез келген адамға кері әсерін тигізеді деп таныған. Қайтседе билік адамға ерекше әсер ететін оның болымысын өзгертетін құбылыс ретінде есептеген. Содан кейін Шәкәрім өзінің болыстығын інісі Оспанға тапсырады. Қырықтан кейінгі Шәкәрім ол артқы ұрпағына өлмес құндылықтар қалдырып ізгілікке бастаған бейне.

Тамам жанды билемек,
Жалғыз өзі сөйлемек.
Мұның түбі не болар,
Үмітің болды не демек?
Досты мықты қылмасың,
Дұшпаныңды қырмақсың.
Аяғыңда сенде бір
Кішірек құдай болмақсың.

Шәкәрім Құдайбердиев жеке адамның шексіз билікке ие болуын «кішірек құдай болмақсын» деп қатты сынға алады. Биліктегі адамның халқына әділ қызмет етіп, адамшылдық заңдылықтарын бұзбай әділ ел билеуге шақырады. Себебі халықтың жағдайы оны басқарып билеп отырған басшысына байланысты. Қазақта «Балық басынан шірейді» деген мақал тегінен-тегін айтылмаса керек.

Шәкәрімнің дүниетанымы осының дәлелі емес пе? Қазақтың ұлы ғұламасы Шәкәрімнің дүниетанымының тууына себепкер болған немере ағасы Абай атамның айтқан сөздері есімізге оралады:

Өлді деуге болама ойландаршы.
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, -
деп мұның шешімін тапқан ойшыл Абайдың сөзі дәлел болмақ.

Аннотация

Познание это – основа развития человеческого сознания. Процесс познания начинается с возникновения реакций материальных вещей к органам чувств. В видении Шакарима понимание жизни состоит из взаимосвязи души и тела. По мнению Шакарима, человечность не только личностное понятие, время играет немаловажную роль в этом вопросе.

Cognition is the basic of development of human mind. The process of cognitions begins with the reactions of material things to the feeling recipes. In Shakarim`s views and understanding – the mean of life is consist of body and souls intertwined. According to Shakarim, the concept of humanity is not only personally thing, the time also play a notorious role in this matter.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 580 б.

2. Шәкәрім. Энциклопедия / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Семей: ЖШС, 2008. – 826-б.
- 3.Рахымжанов Б.К. ШәкәрімҚұдайбердіұлының дүниетанымына тарихи-философиялық талдау: – Алматы: 2005. – 121 б.
- 4.Тұрдықұл Шаңбай. Шәкәрімнің философиялық лирикасы. //Шәкәрімтану мәселелері. 3 т. – Алматы: Раритет, 2007. – 370 б.

ОӘЖ: 342.843(045)

Жунисова Молдир Шахмадановна

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті ОҚО, Шымкент

6M010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс магистранты

ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Қазіргі кезеңде отандық білім беру жүйесіндегі түбірлі өзгерістер, заманауи мектептің моделін құруда маңызды мәселелердің бірі ретінде оқушының өзіндік дамуы, өзін жетілдіруі, өзін – өзі басқаруы арқылы шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу. Бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудің мазмұны жаңа білімді игеруде табанды, жаңа жағдайға бейімделуге икемді, құндылық бағдарлы, оқу-танымдық дағдыларын тәжірибеде қолдана алуын құрайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы жетінші басымдығы «Адами капитал – жаңғыру негізі» бойынша қазіргі білім берудің жаңа сапасын арттыруда барлық өңірлердегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3D-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру туралы атап өткен болатын [1]. Бұл өз кезегінде оқушылардың өз бетінше жұмыс орындауы барысында өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды қамтамасыз етеді.

Оқыту әдістері мен сабақ беру әдістемесін жетілдіру оқушылардың өзіндік жұмыстары арқылы шығармашылық ойлауын дамыту имәселесімен тығыз байланысты. Балалардың ойлауының және өзіндік әрекет етуінің дамуында тұтас педагогикалық үдерісті және оның тиімділігін арттыру мүмкіндіктері бар.

Дамыта оқыту әдістемесін құруда әдістеме психологиялық ғылымдардың жетістіктеріне сүйенуі қажет. Адамның психологиялық қалыптасуы – бұл оның психологиялық үдерісті жүзеге асыру қызметінің қалыптасуы. Баланың дамуы оның оқыту үдерісінде қандай әрекет орындауы мазмұнына тікелей байланысты.

Өздігінше әрекет ету және дамыған шығармашыл ойлау – бұл адамның сапасы, іс-әрекетті саналы таңдай алуымен және оны жүзеге асырудағы шешімді қабылдауымен сипатталады. Баланың өз бетінше әрекет ете алмауы және шешім қабылдау алмауының салдарынан білімді терең меңгере алмайды.

Өзіне-өзі сенімділік белсенділікпен тығыз байланысты, ол өз кезегінде таным үдерісіне қозғаушы күші. Өзіне-өзі сенімділігі төмен оқушы пассив, ойлау қабілетін тежейді, нәтижесінде алған білімін тәжірибеде қолдана алмайды.

Оқушылардың өзіндік жұмысы оқыту үдерісінің ажыратылмас бөлігі. Өзіндік жұмыс әдістері оқушылардың жаңа білім және іскерліктерді игерудегі өздеріне сенімділігі деңгейіне байланысты бөліп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстар әдістемесінің сипаттамалық ерекшеліктері оқушылардың мұғалімнің жетекшілігінсіз оқ тапсырмаларын өз беттерінше орындауымен анықталады.

Өзіндік жұмыстарды орындау әдістері:

1. Оқулықпен, әдебиеттермен жұмыс;
2. Жазбаша жұмыстарды өз бетінше орындауы;
3. Есептерді өздігінше шешу әдістері және т.б.

Мұғалім оқушылардың өз беттерінше орындап жатқан тапсырмаларын сырттай бақылайды, егер

оқулық мәтінін меңгеруде қиындық туған жағдайда сабақ соңында немесе келесі сабақта қосымша түсіндіреді. Өз бетінше орындайтын жұмыс мазмұнында тек бір ғана оқу тапсырмасы немесе бір есепті шығару емес, сонымен қатар сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қабылдау мүмкіндігіне орай бүтін параграфты оқып-зерттеуге тапсырма беруге болады. Мәтінді оқып және қойылған бақылау сұрақтарына жауап берген соң мұғалім қорытынды әңгіме ұйымдастырады және оқушыларды қатыстыра отырып сабақта оқыған ақпараттарды бекітеді.

Өзіндік жұмысты орындауда келесі мақсаттарды орындау керек:

- ойлау операцияларын дамыту: талдау, салыстыру, жинақтап қорытынды жасау және т.б.;
- шығармашылық ойлауды дамыту үшін тренинг жасау;
- оқушылардық іс-әрекеттік қызығушылығын қолдау;
- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;
- шығармашыл тұлғаның сапасын дамыту: танымдық белсенділігі, мақсатқа қол жеткізудегі табандылығы, дербестігі, жеке шешім қабылдай білуі;
- күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;
- өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);
- ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
- пәндер бойынша оқушылардың оқу үлегрімдерін үнемі бақылап отыру.

Құрылымдық Логикалық бай- ланыстар	Үлгілер бойынша	Қайта құрастыр нұсқалық	Ізденушілік	Зерттеушілік
Пәнішілік	Белгілі дістерді Пәнішілік жағдайға бейімдеудегі өзіндік жұмыстар.	Белгілі әдістің кейбір құрылымдарын модификациялау арқылы пәнішілік жағдайға бейімдеудегі өзіндік жұмыстар	Бірнеше әдістерді Кейбір құрылым модификациялау арқылы пәнішілік жағдайға бейімдеудегі өзіндік жұмыстар және тапсырмаларды шешу үшін жаңа жолдарын қарастыру, ұсыну.	Пәндік мәселені шешуде жаңа әдістерді құруда өзіндік жұмыстары.
Пәнаралық	Белгілі әдістерді аралық жағдайға бейімдеудегі өзіндік жұмыстар.	Белгілі әдістердің құрылымдарын модификациялау арқылы пәнаралық жағдайға бейімдеудегі өзіндік жұмыстар	Бірнеше әдістерді кейбір құрылымдарын модификациялау арқылы пәнаралық жағдайға бейімдеудегі өзіндік жұмыстар және тапсырмаларды шешу үшін жаңа жолдарын қарастыру, ұсыну.	Пәнаралық мәселені шешуде жаңа әдістерді құруда өзіндік жұмыстары.

Педагогикалық, психологиялық зерттеулерде оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекеттерінің дамуының төрт кезеңін бөліп қарастырады және олардың әрқайсысының өз жоспары мен мақсаты бар екендігін анықтаған:

- алдағы атқаратын жұмыстың мақсаты мен жоспарын оқушы мұғалімнің көмегімен құрастырады және жүзеге асырады;
- тек мақсатын мұғалімнің көмегімен құрастырады, ал жоспарлауды оқушы өзі орындайды;
- мұғалімнің берген тапсырмасы шеңберінде оқушы іс-әрекеттің мақсаты мен жоспарын өз бетінше құрастырады және жүзеге асырады;
- жұмыс оқушының бастамашылдығымен жүргізіледі, мұғалімнің көмегінсіз жұмыстың мақсатын, мазмұнын, жоспарын өзі құрастырады және оны өз бетінше орындайды [2].

Мұғалім дискуссия, дебат, пікірталас әдістерін тиімді қолдана отырып, оқушылардың өзіндік пікірін ұсына алуы мен оны қорғап, дәлелдей алуына қолайлы жағдай жасағанда, өзіндік ұтқыр шешімдерін ұсынуына мүмкіндік бергенде ғана олардың өз бетінше жұмыс атқара алуы мен дербес

шешім қабылдай білуінің дамуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда оқушының өзіндік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырып, жоспарлай алуы мен мақсат қоя білуіне және сол алдына қойған мақсаттарына жеңісті жету жолдарын қарастыра алуына жағдай жасалады. Оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (ізденушілік) – оқушының ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды. Зерттеушілік процесс барысында оқушылар белгілі фактілер мен құбылыстарға берілетін түсініктемелер мен дәлелдеулерді өз бетінше іздестіріп, түсінуіне тура келеді.

Сондықтан, мұғалім оқушылардың оқу танымдық үдерісіне белсенді қатысуы және оны басқаруы үшін келесі әдіс-тәсілдерді меңгеруі қажет болады:

- сабақта оқушылардың жеке өзіндік орындаушылық жұмыстарының элементтерін кең түрде ендіре отырып, оқыту әдістерін түрлендіріп отыру;
- оқушылардың білімін, іскерліктерін бақылау, бағалау түрлерін, әдістерін жетілдіру;
- әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтымақтастықпен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек;
- оқушымен жеке жұмыстар түрін кеңінен қолданып отыру. (Кесте -1.)

Кесте 1. - Өзіндік жұмыстар түрлері:

Өзіндік жұмыстар әдістері оқушылардың білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуде пайдасын тигізе алатындай жағдай жасағанда ғана саналы түрде оқу үдерісіне қолдана алады[3].

Өзіндік жұмыстарды қолдану тиімділігі:

- оқушылардың оқу әрекетіндегі өзіндік шешім қабылдай білуі, шығармашылық ойлауын дамыту үшін;
- оқу материалын өз бетінше меңгеру мүмкіндігі болған жағдайда;
- нақты тақырыпты оқушылар өз беттерінше меңгеруге дайын болған жағдайда;
- өзіндік жұмыстарды орындау үшін дидактикалық материалдар және оны сабақта ұйымдастыруға уақыт жеткілікті болған жағдайда жүзеге асады.

Өзіндік жұмыстардың ұйымдастырылуы мен өзіндік жұмыстарды жүргізу әдістері мен оқытудың басқада әдістерімен ұштастыра білген жағдайда тиімділігі арта түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar

2. Бабанский Ю.К. «Методы обучения в современной общеобразовательной школе». - М.: Просвещение, 1991г.

3. Кабалевский Ю.Д. «Самостоятельная работа учащихся в процессе обучения математике». - М.: Просвещение, 2005г.

МРНТИ 01.1023

Матжанова Қ.К.

*Гумнитарлық ғылымдар магистрі
Құрманғазы ат. Ұлттық консерватория*

Дін мен дінтанушылық түрлерінің ғылыми ұғымдары.

Андатпа

Мақалада дінтану ғылымының қалыптасу кезеңіндегі діндерді классификациялау мәселесінің барысы қарастырылады. Дінтану ғылымының бастауында тұрған зерттеушілер Ф.М.Мюллер, Пьер Шантепи де ла Соссе бұл мәселеге ерекше мән берілген болатын. XIX ғасырда діндерді зерттеген ойшылдардың басым бөлігі өзіндік классификация ұсынған. Мақалада Г.В.Ф.Гегельдің, Э. Ф.

Гартман, К. П. Тиле, Г.Зибектің осы мәселе туралы тұжырымдары қарастырылған. Сонымен бірге, дін әлеуметтануы ауқымындағы көзқарастарға да көңіл бөлінген.

*Матжанова К.К.
Магистр гуманитарных наук
Национальная консерватория им.Курмангазы*

Аннотация

В статье рассматривается проблема классификации религий в период становления религиоведения. Основоположники религиоведения Ф.М.Мюллер, Пьер Шантепи де ла Соссе обращали особое внимание данной проблеме. Большинство исследователей религий XIX века выдвигали собственную классификацию религий. В статье рассматриваются воззрения Г.В.Ф.Гегеля, Э. Ф. Гартмана, К. П. Тиле, Г.Зибек по данному вопросу. Наряду с этим, уделено внимание и социологии религии.

*Matanova K. K.
Master of arts
National Conservatory named after Kurmangazy
Annotation*

The article deals with the problems of classification of religions during the formation of religious studies. The founders of religious studies F.M. Muller, special attention is paid to this problem. Most researchers of religions of the nineteenth century put forward their own classification of religions. The article presents the views of G.V.F. Hegel, E. F. Hartmann, K. P. Thiele, G. Ziebek on a specific issue. Along with this, attention is paid to the sociology of religion.

Дінтану ғылымында діндерді жіктеу, олардың тарихи типтерін айқындау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дінтану ғылымы жеке сала болып қалыптаса бастаған кезден бастап, адамзат тарихындағы әртүрлі діндерді қандай негізде, қандай өлшемді пайдалана отырып жіктеуге болады сұрақ туындаған болатын. Осы мәселенің шешімдері ретінде XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы философиялық, салыстырмалы –мифологиялық және әлеуметтанулық тұжырымдамалардағы діндердің тарихи типтері туралы көзқарастарды қарастыруға болады.

Қазіргі кездегі дінтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі болып саналатын Фридрих Макс Мюллер өзінің «Дін туралы ғылымға кіріспе» еңбегінде: «Діндердің аса зор патшалығын қалай бөлуге болады? Діндер қалай классификациялануы мүмкін?», «егер, біз сенімнің әртүрлі диалектілерінің қанағаттанарлық классификациясын жасай алмасақ, онда біз шындығында дін туралы ғылымның болуы мүмкін емес екенін мойындауымыз қажет», – деген пікір білдірген болатын [1, 84 б.].

Барлығы қанағаттанарлықтай діндердің жуық типологиясын қалыптасырудың өзі өте күрделі. Өйткені типке бөлу, зерттеу барысында типологиялық әдісті қолдану дегеніміз қандай да бір белгілері бойынша зерттелінетін нысандарды бөлу және топтастыру әрекеттерінің жиынтығы болып табылады. Типологизация нәтижесінде нақты нысандар мен құбылыстар үшін жиынтық үлгі болатын белгілердің тұрақты тобы қалыптасады. Нақты бір нысанның өзгермейтін, тұрақты белгілері оны сәйкес типке жатқызуға мүмкіндік береді. Ал тип ішіндегі нысандардың айырмашылығы кездейсоқ сипатта болады және олар әртүрлі типтердің өзара айырмашылығымен салыстырғанда маңызды емес. Осы типология әдісі арқылы әртүрлі ғылым салаларында қарастырылатын құбылыстардың негізгі типтері, түрлері қалыптастырылады. Діндерге байланысты типтер бірқатар діндерге ортақ белгілерді айқындайды және сол белгілердің негізінде сәйкес классификациялық топтар қалыптастырылады. Кез-келген типология шартты болып табылады. Ол нақты тарихи-діни тенденцияларды сипаттайды. Типтік топтастыру қандай да бір діндердің маңызды белгілерін, қасиеттерін, қатынастарын, функцияларын салыстырмалы-тарихи зерттеу үшін қолданылады. Ол тек бір топқа жататын діндердің ұқсастығы мен басқа топқа жататын діндерден айырмашылығын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі топтардағы діндердің арасындағы байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманитарлық білімдердің жеке саласы ретінде дінтану ғылымының қалыптаса бастаған кезінен бері адамзат тарихындағы діни сенім-нанымдар мен діндерді әртүрлі негізде жіктеу үрдісі жүзеге асырылып келеді. Нидерландық протестанттық теолог және дін тарихшысы Пьер Шантепи де ла

Соссе «Діндер тарихы бойынша оқулық» еңбегінде төмендегі ойымен бөліседі: «Классификация тек неғұрлым маңызды белгілері негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ бір жағдайда маңызды болып есептелінетін белгі, басқалар үшін тек бағынышты мәнге ие, сондықтан әрдайым біртектіні бөлу және әртектіні біріктіру қауіпі бар. Оған қарамастан әрқашан жаңа зерттеулер және діндерді жаңа әдістемелік классификациялары жүргізіледі. Біз ең алдымен сондай сызбаның жалпы маңызын анықтауымыз қажет» [2, 204 б.]. Пьер Шантепи де ла Соссе осындай тұжырым жасай отырып, дінтану ғылымының қалыптасуына негіз болған философиялық таным, этнографиялық, филологиялық, лингвистикалық, мифологиялық зерттеу үрдістері ауқымында жүргізілген діндерді талдау негізінде пайда болған діндердің жіктелуін, яғни типологиясын қарастырады. Ол діндерді жай ғана бір территория мен уақыт аралығына байланысты біріктіру емес, діни үрдістің маңызды белгілерін қамтитын ғылыми классификацияның қажеттілігіне тоқтала отырып, діндердің генеалогиялық және морфологиялық классификациясының бар екендігін атап өтеді. Генеалогиялық классификация тіл туралы білім негізде дамиды. Бірақ бір тілдік топ ішінде әртүрлі діндер кездесуі мүмкін, сондықтан осындай топтарға жататын діндерге тән белгілері нақты болмайды. Сондықтан ол ғылыми классификация үшін жеткіліксіз болады. Ал морфологиялық классификациялар құндылықты пайымдауларға негізделеді. Тек морфологиялық негіздерге сүйеніп діндер тарихын зерттеу де жеткіліксіз, өйткені әрбір дін өзінің біртіндеп даму барысында көптеген өзгерістерден өтеді, сондықтан ол діннің тұрақты орнын, белгісін дәл тауып көрсету қиын. Діндердің негізгі түрлері мен тармақтары әртүрлі тұрғыда қарастырылады. Ең алдымен жалған діндер мен ақиқат діндер деп бөлу ұсынылған. Одан кейін табиғи діндер мен аян беру діндері деген жіктеу жүргізілді. Сонымен қатар монотеистік және политеистік діндер деп топтастыру да жүзеге асырылған болатын. Осы типологиялардың барлығының да жеткіліксіз жақтары бар. Жалған және ақиқат діндер деген қай жағынан алса да шындыққа, объективті болмысқа сай келмейді. Табиғи діндер деген де нақты негізі жоқ жай ғана абстракция, ал монотеистік және политеистік діндер деп бөлу әртекті құбылыстарды біріктіреді және бұл дуалистік, генотеистік және атеистік діндер тыс қалып қалады. Жаратушы ұғымының діндерді жіктеуде өте маңызы екені сөзсіз. Бірақ ол классификация жасаудың ең басты негізі бола алмайды. Осы аталған жіктеу түрлерінен басқа да діндердің морфологиялық классификациялары бар. Олар әртүрлі көзқарастар негізінде жүзеге асырылады: идеялық мазмұны; діни ілімінің формасы; құлшылық ету және культтың сипатына байланысты; қандай да бір діннің уағыздайтын, жетуге ұмтылатын идеалына қатысты; діннің мемлекетке, ғылымға, өнерге, ізгілікке қатынасына байланысты. Сонымен, мифологиялық және догматтық діндер, не сезім, не ақыл-ой, ес немесе ерік басым болатын (рационалдық, эстетикалық, этикалық) діндер, діни сезім экстаз жағдайына дейін көтерілетін немесе бір қалыпта болатын, ондай сезім басылып тасталылатын немесе дамитын діндер, жалпы немесе жартылай моральды, әлемге оң немесе теріс (аскеттік) қатынасымен сипатталатын, өнердің әртүрлі саласында сырттай көрініс табатын діндер және т.б. да қарастырылады. Пьер Шантепи де ла Соссенің ойынша, жоғарыда аталған діндердің классификацияларының ішінде діндерді жеке және әмбебап-әлемдік, табиғи және моральді-ізгілікті деп жіктеу ең маңыздысы болып табылады [2, 205 б.]. Бір елдің діни мен әлемдік діндердің арасындағы айырмашылықты жіктеудің негізі ретінде қарастыруды алғаш рет неміс католиктік бағыттағы дін маманы Фон Дрей ұсынған болатын. Көптеген діндердің бір ұлт ауқымында шектелуі, ал буддизм, христиан және ислам діндерінің әртүрлі ұлттар арасында таралуы осы діндерді ерекше топ ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әлемдік діндер мен олардың негізі болып табылатын ұлттық діндердің арақатынасын голландиялық реформаторлық бағыттағы дін маманы Авраам Кюннен жете зерттеген болатын. Бірақ бұл жіктеудің де өзіндік кемшіліктері бар: ұлттық дінді ұлт болу деңгейіне көтерілмеген ру-тайпалардың діндерінен ажырату қажет және ұлттық негізде емес, ортақ ілім мен заңнама тұрғысынан біріккен діни қауымдастықтардың діндерінен айырмашылығын да анықтау керек. Сонымен бірге осы жіктеу барысында не нақты территория, не ұлтқа байланысты анықталатын діндердің айырмашылығына мән берілмейді. Әлемдік діндерді топтастыруға байланысты да біраз қиындықтар туындайды. Әмбебаптық ұғымын не нақты, не сапалық тұрғыдан қарастыруға болады. Бірінші жағдайда, таралу ауқымы тұрғысынан алғанда, осы діндер бірдей деуге болады. Бірақ ұлттық шеңберден асқан, миссионерлік іс-әрекетпен айналысатын, таралу аймағы бірте-бірте кеңейіп жатқан басқа діни дәстүрлердің бар екені сөзсіз. Мысалы, иудаизм, қазіргі кезде бахаизм туралы айтуға болады.

Сонымен, Пьер Шантепи де ла Соссе діндердің тарихи түрлерін жіктеудің әртүрлі жолдарын қарастыра отырып, олардың ішінде неміс философы Гегель жүзеге асырған діндердің

классификациясын маңызды деп атап өтеді, өйткені одан кейінгі жаңа жіктеулерден гегельдік жіктеменің әсерін көруге болады [2, 203 б.].

Неміс философы Г.Гегель өзінің көптеген еңбектерінде, атап айтқанда “Рух феноменологиясы”, “Философиялық ғылым энциклопедиясы”, “Тарих философиясы”, «Дін философиясы туралы лекциялар» атты шығармаларында діндерді зерттеуді жалпы Оның діндерді зерттеуі жалпы философиялық ұстанымдары негізінде жүргізіледі. Дін қандай да бір алдау мен сауатсыздықтың нәтижесі емес, ол объективті себептердің салдары, ал философияның міндеті осы себептерді тану және діни сенімнің ақиқат, саналы элементтерін анықтау және сол арқылы сенім мен білімді келістіру болып табылады. Гегельдің діни-философиялық тұжырымдамасында екі негізгі мәселе – дін ұғымының тарихилығы және рухтың шексіз және шекті көрінісінің арақатынасы қарастырылады.

Пьер Шантепи де ла Соссе «Діндер тарихы бойынша оқулық» еңбегінде Гегельдің идеяларын неміс философы Эдуард Фон Гартман, голландық діни қызметші және дін тарихшысы Корнелиус Петер Тиле, неміс философы, дінтанушы Герман Зибек ары қарай дамытты деп жазады. Ол аталған зертеушілер жасаған діндердің типологиясын сызбанұсқа түрінде көрсетеді: Фон Гартман:

Табиғатқа табынушылық (натурализм).

1. Табиғи генотеизм.

2. Антропологиялық (адамтанушылық) және рухтанған генотеизм.

а) Эстетикалық кемелдік (эллинизм).

ә) Пайдакүнемдік пен діннен алшақтау (римдік дін).

б) Трагедиялық-этикалық тереңдеушілік (германдықтар).

3. Теологиялық жүйеленген генотеизм.

а) Табиғи монизм (Мысыр).

ә) Жарым-жартылай табиғатқа табыну – натурализм (Парсы елі).

II. Супернатурализм.

1. Абстрактілік монизм діні немесе идеологиялық құтқару діні.

а) Акосмизм (брахманизм).

ә) Сөзсіз дара иллюзионизм (буддизм).

2. Теизм.

а) Қарабайыр монизм (пайғамбарлар).

ә) Заң діні немесе гетерономиялық дін (мозаизм, иудаизм, оған ислам да кіретін реформалар діндері).

б) Реалистік құтқару діні (мәсіхшілік-христианство).

Тиле:

I. Табиғи діндер.

1. Полизоилық натурализм (гипотетикалық).

2. Жартылай демондық-анимизм (жабайы діндер) билеген кездердегі магиялық діндер.

3. Табиғи немесе ұйымдасқан магиялық діндер. Хайуандық-адамдық политеизм.

а) Ұйымдаспаған (Жапонияның, дравидтердің, финдіктердің, Ертедегі Италия халықтарының, этрускілердің(?), ертедегі славяндардың діндері).

ә) Ұйымдасқан (Американың жартылай мәдениетті халықтарының, ертедегі қытайлардың мемлекеттік діні, мысырлықтардың діні).

4. Адам кейпіндегі тірі, бірақ табиғаттан тыс күші бар және жартылай этикалық тіршілік иелерін қастерлеу. Антропоморфтық көптәңірлік – политеизм (ведальқ Үндістан, Ежелгі Парсы, кейінгі Вавилон және Ассирия діндері, семит мәдениетіне жататындардың, кельттердің, германдықтардың, галлдардың, гректер мен римдіктердің діндері).

II. Этикалық діндер (спиритуалдық – этикалық жаңалық діндері).

1. Заң мойындаған ұлттық діни қауымдық бірлік (даосизм, конфуциандық, брахманизм, джайнизм және иудаизм, соңғы екеуі енді екі тармаққа кіретін болады).

2. Әр жақты діни қауымдық бірліктер (буддизм – бұрқандық, христиандық – мәсіхтік және ислам ресми емес және заң мойындаған құрамдас бөліктерінде бұл жерге тек жартылай ғана енеді). Зибек:

Табиғи дін, этикалық бағытта емес, әлемдік келісім діні (төменгі мәдениеттер діні).

Салалары мен деңгейлері сан түрлі мораль діні (мексикандықтардың, перуліктердің, акаддықтардың, қытайлардың, мысырлықтардың, үнділіктердің, парсылардың, германдықтардың, римдіктердің діні, ал бұл жерде ең жоғарғы сатыда гректердің діні тұр).

Мораль дінінің құтқарылу дініне ауысуын яһудиліктер іске асырды.

Құтқарылу діні – құтқарылу дүниеден біржақты бас тарту (буддизм) жолымен қол жететін дін.

Құтқарырудың позитивті діні – христиандық.

Мораль дініне қайта оралу – ислам діні [2, 210 б.].

Дінтану ғылымының дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуына ықпал еткен ғалымдардың бірі М.Мюллер діндерді салыстырмалы лингвистикалық зерттеулер негізінде қарастырды. Ол лингвистика саласында қалыптасқан әдіснаманы қолдана отырып, өз заманындағы жалған және ақиқат діндер, табиғи діндер және аян діндері, политеистік, дуалистік және монотеистік деген діндерді жіктеудің үлгілерін қарастып, семиттік, арийлік және турандық тілдер тобына сәйкес келетін өзі қалыптастырған діндердің жаңа классификациясын ұсынған болатын.

XIX ғасырдағы философиялық және әлеуметтік ілімдердің ішінде діннің пайда болуы мен мәнін анықтауда өзіндік тұжырымдама қалыптастырған К.Маркс пен Ф.Энгельстың көзқарастары өздерінен кейінгі жеке-дара теория-марксизмнің негізін құрап, марксизм тұрғысында барлық діндерді екі негізгі типке -тапсыз қоғамдағы және таптық қоғамдағы діндер деп бөлуді жүзеге асырды. Сонымен қатар, К.Маркс пен Ф.Энгельс таптық қоғамдағы діннің басты белгісі оның таптық қанаудың идеологиялық құралы болуы деп қарастырса, таптық бөлінуге дейінгі қоғамда дін материалдық өндірістің дамуының белгілі бір деңгейінің идеялық көрнісі, алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының өздерін қоршаған табиғи және қоғамдық орта алдындағы дәрменсіздігін білдіреді деп есептеген.

Ғасырлар тоғысында, яғни XIX-XX ғасырлар аралығында жеке пән ретінде пайда болған дін әлеуметтануы шеңберінде дінді әлеуметтік-мәдени элемент ретінде, оның әлеуметтік функциялары мен құрылымын анықтау тұрғысында діндердің типологиясы қалыптастырылды. Дін әлеуметтануы саласындағы зерттеушілер дін-адамның әлеуметтік өмірінің маңызды өлшемі болып табылады және оның өмір сүруінің әлеуметтік жағымен тікелей байланысты институт құрайды деп есептеді. Француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгеймнің дінді әлеуметтік интеграцияның негізі ретінде қарастыруы, М.Вебердің дінді әлеуметтік өзгерістер факторы тұрғысынан анықтауы діндерді қоғамдағы атқаратын функцияларына байланысты жіктеуге мүмкіндік берді. М.Вебер идеалды типтер ұғымын пайдалана отырып, діндерді салыстырмалы –тарихи талдау барысында екі көрсеткіш- діни ілімге байланысты дін ұстаушының әрекеті және құтқарылуы негізінде діндердің өзіндік классификациясын жасады.

Американдық әлеуметтанушы Роберт Белла Т.Парсонстың құрылымдық функционализм теориясы негізінде діндердің эволюциялық ілімін қалыптастырды. Р.Белла діни символдар жүйелерінің дифференциациялау дәрежесіне байланысты бес кезеңнен тұратын діндер классификациясын ұсынды. Олар- қарапайым, архаикалық, тарихи, ерте замандық және қазіргі кезең діндері. Сонымен қатар, ол қазіргі кездегі американдық қоғамының діни ортасын сипаттау және ерекшелігін айқындау үшін ғылыми айналымға азаматтық дін ұғымын енгізді.

Қазіргі кездегі Қазақстандағы діни жағдай қазақ халқының ұлттық сана-сезімі мен өзіндік салт-дәстүрімен біте қайнасып кеткен, тарихи қалыптасқан дәстүрлі діндермен қатар, жаңа діни ағымдардың кең тарауымен ерекшелінеді. Тәуелсіздік жылдарында белең алған осы құбылысқа байланысты қазақстандық дінтану ғылымында жан-жақты зертеулер жүргізілуде. Солардың ішінде сол жаңа діни ағымдарды белгілі-бір негіздер бойынша топтастыруға бағытталған зерттеу жұмыстары да қызығушылық тудырады. Ол зерттеулерде жаңа діндерді жіктеу сол діндердің шығу негізіне, генезисіне байланысты жүзеге асырылған. Алайда, қазіргі кездегі қоғамдағы діни жағдайдың ерекшелігінен діндерді әлеуметтік институт ретінде қарастыру тұрғысында жаңа діни ағымдарды жіктеу мәселесі туындайды. Жаңа діндерді қоғамда атқаратын әлеуметтік функцияларына қарай топтастыру мемлекет ауқымында діндердің әрекеті мен қызметін реттеуге, бағалауға байланысты нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, әлемде діни сенімдердің көптүрлілігі және уақыт өткен сайын жаңа универсалды, синкретті сипаттағы діндер мен діни ағымдардың пайда болуы дінтану ғылымы шеңберінде діндердің типология мәселесі әлі де өзекті екенін көрсетеді. Қазақстан қоғамындағы нақты діни жағдай осы мәселенің теориялық маңыздылығын айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Мюллер М. Введение в науку о религии // Классики мирового религиоведения. Москва, 1996, т.1. 496 с.

2 Пьер Шантепи де ла Соссе Учебник по истории религии, Классики мирового религиоведения, Москва, 1996, т.1. 496 с.

ОӘЖ: 342.843(045)

*Жунисова Молдир Шахмадановна
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті ОҚО, Шымкент
6М010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
мамандығының 2 курс магистранты*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ҮШІН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация

Мақалада оқыту үдерісінде оқушылардың ойлау қабілетін арттыру үшін өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру әдістері берілген. Өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылар оқулықтарды, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді, журналдарды, мерзімді баспасөз деректерді, мұрағаттық құжаттарды пайдаланудың жолдары көрсетілген. Компьютерлік оқу бағдарламаларын пайдалана отырып, мұғалім сабақтың тартымдылығын қалай арттыру керек екендігі қарастырылған.

Кілт сөздер: құжаттар, әдістер, мұрағат, оқу бағдарламасы.

МЕТОДЫ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНЫХ РАБОТ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ МЫСЛИТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В статье даны методы организации самостоятельных работ для повышения мыслительных способностей учащихся в процессе обучения. Представлены пути применения учащимися учебников, научно-общественной литературы, журналов, данных из СМИ, архивной документации при выполнении самостоятельных работ. Также рассмотрено каким образом учитель может повысить привлекательность урока с помощью компьютерных учебных программ.

Ключевые слова: документы, методы, архив, учебная программа.

METHODS OF THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORKING TO INCREASE THINKING ABILITIES OF STUDENTS

Annotation

The article gives methods for organizing independent work to improve the thinking abilities of students in the learning process. Ways of application by pupils of textbooks, scientific and public literature, magazines, data from media, archival documentation for performing independent works are presented. It is also considered how the teacher can increase appeal of the lesson by means of computer training programs.

Key words: documents, methods, archive, curriculum, teacher.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» екендігін баса назарға алынған болатын [1].

Қазіргі кезеңде оқушылардың үздіксіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай олардың ойлау қабілеттерін одан әрі арттыру, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын тәрбиелеу мұғалімдерге қойылатын басты талаптардың бірі.

Оқыту үдерісінде оқушылардың ойлау қабілетін арттыру үшін өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру әдістері сан алуан. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалім ең алдымен оқушылардың білім деңгейлеріне бірдей назар аударуы қажет, сонымен бірге жекелеген оқушылардың оқу үлегімі деңгейіне де бақылауды арттыру маңызды. Бұл әдістің маңыздылығы оқу үлгерімі жоғары оқушының білімге деген құлшынысын арттыра отырып, үлгерімі төмен оқушыны да оқуға ынтасын арттыруға мүмкіндіктер береді. Өзіндік жұмыстардың тиімділігін арттыруда оның мазмұны мен оқушыларға ықпал ету үшін оқыту үдерісінде тест тапсырмалары, сауалнамалық сұрақтар, рольдік ойын әрекеттері арқылы олардың оқуға қызығушылықтарын оятып, жаңа тақырыпты өткен тақырыптармен байланыстыра отырып білімді меңгеруіне мүмкіндік береді. Өзіндік жұмыс істеу іскерліктері мен дағдылары, сөзсіз, ой еңбегінің мәдениетімен байланысты. Білімді игеру барысында оқушыларға қажетті қабілеттіліктер: табандылық, еске сақтау, кітаппен жұмыс, байқау және жазба

жұмысын жүргізе білу, ойлау әрекеттерінің бірқатар тиімді тәсілдерін игеру, өзін бақылай білуі және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы.

Жаңа тақырыпты меңгеруде оқушыларға пән бойынша негізгі ұғымдар, белгілер, терминдерді түсіндіру маңызды. Ең алдымен сыныпта оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеруге дайын атмосферасын мұғалім дұрыс құра алуы тиіс, сонымен қатар оқушы-мұғалім-оқушы кері байланысын орната алуы маңызды. Пән бойынша негізгі ұғымдар мен терминдерді оқушылар жадына сақтау үшін бақылау жұмыстары, глоссарийлерді орындау қажет. Мұғалім бақылау жұмыстарын орындауда оқушыларға өз бетінше оқу еңбегіне машығы мен дағдысын меңгерту үшін оқу, анықтамалық және мерзімдік әдебиеттерді дұрыс пайдалана алуына үйретуі қажет.

Оқушылар жаңа тақырыпты меңгеру үшін ең алдымен мәтінді мұқият оқып шығып, онда негізгі тұжырымдарға аса назар аудару қажет. Нақты бір мәтінді оқып шыққан соң оқушыларға осы мәтін мазмұны бойынша баяндама, хабарлама, эссе дайындап, оны сабақта, үйірме жұмыстарында баяндап шығуға тапсырма беруге болады. Аталған тапсырманы берудің алдында мұғалім оқушылардың даралық ерекшеліктеріне және қабілеттіліктеріне назар аударуы тиіс. Баяндама, реферат жазу – өзіндік жұмыстарды орындаудың жоғары деңгейі, өйткені оқушылар баяндама немесе реферат жазу үшін жан-жақты ізденеді, әдебиеттерді таңдап, қарастырады, ондағы деректерді салыстырады, жинақталған мәліметтерді сұрыптайды, талдайды және қорытындылап бір жүйеге келтіреді.

Өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылар оқулықтарды, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді, журналдарды, мерзімді баспасөз деректерді, мұрағаттық құжаттарды пайдаланады. Өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылар теориялық білімдерді күшейтеді, оны бекітеді және оқу үдерісінде жоғары белсенділіктерін арттырады, жауапкершілігін, дербестігін орнықтырады.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын орындау тиімділігін арттыру үшін мұғалім әдебиеттерді таңдап талдауға, жоспар құруға, мәтіндер құрастыруға бағыт-бағдар беріп көмектесуі қажет. Р. М. Микельсон еңбегінде өзіндік жұмыс мұғалімнің бақылауымен оқушылардың өзін-өзі бақылауын қалыптастыру, ақыл-ой тәрбиесін беру құралы деп зерделеген [2]. Өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылардың меңгерген дағдылары үйге берілген тапсырмаларды, сабақтан тыс жұмыстарды орындауға көмектеседі. Оқушылардың ойлау әрекетінің мәдениетінің арта түсуіне ықпал ете отырып, өзіндік жұмыстар арқылы оқушылар жаңа теориялық білімді жеңіл игеруіне үлес қосады және игерген білімдерін тәжірибеде қолдана алуы дағдысын үйренеді. Оқушылардың оқуға қызығушылықтарын арттыру үшін тестік тапсырмаларды екі бөлікке бөліп құрастыруға болады: бірінші бөлігінде міндетті орындауға тиісті тапсырмалар мазмұны, екінші бөлігінде міндетті емес тапсырмалар әртүрлі деңгейде құрастыру қажет. Осы тапсырмаларды орындау барысында оқушылар оқу еңбегіне құлшыныстары артады. Тест тапсырмаларын деңгейге бөліп құрастырудың ерекшелігі мұғалім оқушылардың білім деңгейін анықтауға мүмкіндік алады.

Өзіндік жұмыстардың тиімділігінің маңызды алғышарттарының бірі мұғалімнің оқушылардың танымдық іс-әрекеттеріне жетекшілік ете алуы. Танымдық қызығушылық таңдамалы сипатта болады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын орындауға құлшынысты жолы пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Мұғалімнің оқушыларға кітап оқу, әдебиеттерді таңдау және оны талдау дағдысын қалыптастыру үшін мақсатқа бағытталған және жүйелі әрекеті ғана жемісті болады. Оқулық оқушы үшін алғашқы ғылыми кітап болып саналады, сондықтан да оқулықты өз бетінше оқу машығына үйретуден басталуы тиісті. Кітап оқу дағдысы қалыптаспаған оқушы тек кітап мәтінін жаттаудан ғана аса алмайды, оқу материалын үстірті меңгереді, тез шаршайды, пәнге деген қызығушылығы төмендейді.

Мұғалім оқушыларға кітапты өз бетінше меңгеріп оқуына нұсқау беріп отыруы қажет, олардың оқу әрекеттеріне үздіксіз бақылау жасай отырып, көмекке қажет оқушыларды назарға алуы тиіс.

Өз бетінше жұмыстарды орындау барысында мұғалім оқушылардың іс-әрекеттерін қадағалап, бақылайды, жұмысты қорытынды жасайды, жақсы нәтижелерді ортаға салып, оқушылардың пікірлерін тыңдайды, одан қорытынды шығарады. Кітапты өз бетінше оқуға үйрету тек 1 немесе 2 сабақта меңгерту мүмкін емес, сондықтан мұғалім кітаппен өз бетінше жұмыс орындауды перспективалық-күнтізбелік жұмыс жоспарына сай оқу жылы барасыныда үздіксіз жүзеге асырып отыру қажет.

Кез келген ақыл-ойға негізделген жүйелі өзіндік жұмыс кітапты дұрыс оқуға және оқыған мәтінді дұрыс түсіну дағдысын қалыптастырады. Оқушылардың алған білімдері өзіндік жұмыстарды орындаудың жемісті нәтижесі болуы үшін, бұл ізденісті мұғалім дұрыс ұйымдастыруы, дұрыс жетекшілік ете алуы шарт.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда маңызды фактор өзін-өзі бақылауы, жіберген қателіктерін тауып түзетуі.

Өзіндік жұмыстарды орындауда оқушылардың дербестігі деңгейі мен өзін-өзі бақылау деңгейіне тікелей байланысты. Оқушылардың өзін өзі бақылау түрі – бақылау жұмысы, диктант және т.б. Мысалы, математика сабағында оқушылардың математикалық ойлауын дамыту маңыздылығы өзін-өзі дамытуына ықпал етеді.

Жаңа оқу материалын игеруде оқушылардың өзіндік жұмыстарын жемісті болуы үшін келесі әдістерді қолдану тиімді болады. Қараңыз келесі сурет.

Сурет 1. - Оқушылардың өзіндік жұмыстарының жемісті болуын қамтамасыз ететін әдістер. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын жемісті болуын қамтамасыз ететін әдістерді мұғалім тиімді пайдалана алғанда ғана нәтижесін береді. Практикалық жұмыстарды пайдалану арқылы берілген сұрақтарға оқушылар тәжірибеде көзбен көріп, қолмен ұстау арқылы жауабын бере алады. Мысалы, информатика сабағында дискілерге ақапарат салу мүмкіндігін анықтауды тек тәжірибе арқылы жүзеге асыра алады.

Жаңа материалды түсіндіру барысында сыныптың белсенді жауап беретін оқушыларына сұрақ қойып, өз бетінше жауап беруін қамтамасыз етеді, үлгерімі төмен оқушыларды да сабаққа белсенді қатысуына да назар аударып отыруы тиіс[3].

Компьютерлік оқу бағдарламаларын пайдалана отырып, мұғалім сабақтың тартымдылығын арттыра түседі. Сабаққа тың идеялар мен қызығушылықтарды оятады, оқулықтың электронды нұсқаларын тиімді пайдалануға болады. Бұл әдіс оқушыларды ойын жинақтауға, ізденушілік әрекеттерін жұмыссыздыруға, өз бетінше білімдерін толықтыру дағдысын меңгеруге, тұлғаның дербестік, даралық, ұйымдастырушылық, табандылық, мақсат қоя білу, жауапкершілік, ойлау мәдениеті, тұрақтылық сияқты қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқушылардың ойлау әрекетін белсендіру мақсатында өз беттерінше нақты тақырып шеңберінде шпаргалка құрастыруды тапсыру талдау, ойды құрастыру, ең бастысын бөліп қарастыру, өз ойын қағазға түсіру дағдысын қалыптастырады.

Мұғалім сабақта өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда уақытты дұрыс таңдау мен нәтижелі болуын қамтамасыз етуді ескеру шарт. Тек осы шартты орындаған жағдайда ғана өзіндік жұмыстардың тиімділігі арта түседі. Нәтижеге қол жеткізетін өзіндік жұмыстар түрі:

- жаттығу жұмыстарын орындау;
- тексеру жұмыстарын орындау;
- жалпы шолу жұмыстарын орындау.

Аталған өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылардың даралық қасиеттері мен қабілеттіліктерін көрсетуге мүмкіндік береді, өз жұмысын жоспарлауға, іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен бақылауға, оқу тапсырмаларын орындауда креативтілік, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге жол ашады.

Оқушылардың өзіндік жұмыстары тек оқу үдерісінде ғана емес, сонымен қатар сыныптан тыс уақытта да жалғасады. Оқушылардың өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекеті бірқатар қиындықтарды туындатады. Үлгерімі төмен оқушылар өз бетінше үй тапсырмасын орындауда, кітап оқуда, оқыған мәтінді өз бетінше түсініп талдауда қиналады. Үй тапсырмасын орындау барысында оқушы өз бетінше ақпаратты іздейді, оны талдайды және қорытынды жасап, сабақта алған білімдерін бекітеді. Осы тұста оқушының өз бетінше оқуы, жұмыстың міндеттері мен оқу тәсілін анықтап алуы, оқуды жоспарлауы тікелей оның ойлау функциясының дұрыс болуына байланысты. Өзіндік жұмысты орындауда оқушының ерік-жігері, ойлауы, мінез-құлқы қалыптасады. Сондықтан да оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын қанағаттандыруда, қабілет, дарындарын дамытуда, пәнге деген қызығушылықтарының тұрақты болуына, оқу материалын меңгеруде уақытты ұтымды пайдалануда оқушылардың өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру және жүзеге асыру маңызды.

Оқушының даралығы мен дербестігі шығармашылық шыңдарға жетелейді және қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жағдайына бейімделуіне ықпал ететін маңызды фактор.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері.

http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar

2. Микельсон Р. М. О самостоятельной работе учащихся. -М.: Учпедгиз, 1993. — 176 с.
3. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. –М., 1961.-с.34

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Қадырбекұлы Ұ., Сейдахметова М. Әл-Фарабидің діни дүниетанымдық және этикалық ілімдерінің өміршеңдігі.....	3
Абуов А. Заманауи қазақстандық мәдениет – рухани жаңғырудың тірегі.....	5
Бегалинова Қ.К. Тимуридтер дәуіріндегі орталық азия ғылымының негізі.....	9
Рамаданова Ж. Д. Философия и танец: отражение танца в философской мысли.....	16
Қадырбекұлы У. Діннің мәні және діни ағымдардың қоғамға кері әсері.....	24
Додаева Қ.Ж. Танымдағы аксиологиялық мәселелердің Шәкәрім философиясындағы ролі.....	26
Жунисова М.Ш. Оқыту барысында өзіндік жұмыстар арқылы балалардың ойлау қабілетін арттыру.....	29
Матжанова Қ.К. Дін мен дінтанушылық түрлерінің ғылыми ұғымдары.....	31
Жунисова М.Ш. Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру үшін өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру әдістері.....	36

Қазіргі заман: пікірлер әлемі философия Альманахы
Философский Альманах современность: мир мнений

№ 3-4 (75-76), 2019

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ